



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ



JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№8

(788)

28 ақпан

2020 жыл

ҚЫЛМЫС

«МЕН АЛДАРМЫН, АЛДАРМЫН АҚЫЛДЫНЫ ДА АЛДАРМЫН»



Кімнің бай болғысы келмейді дейсің? Шекеміз терлемей, алақанымыз ойылмай, қалай да оңай жолмен қалтамызды қампайтқымыз келіп тұрады. Алдар Көсенің әлдебір аңызында сондай оқиға бар-ды. Бірақ жеңіл ақшаның жолы да, сұрағы да қашан да ауыр. Оны Алдар туралы әңгімеден бала күнімізде оқып, көкейге тоқыдық. Бірақ Алдар жайлы аңыз естісе, Көсені мазактап күлетін жұрттың өзі әлі алданып жүр. Бұл қалай?

Әңгімені басынан бастайық. Оңай жолмен ақша табуға бәріміз неге құмармыз? Анық-қанығына көзіміз жетпей тұрса да, соған ақша салып, оны еселеп қайтарып алуға неге әуеспіз? Өткенде жеделсатыда бір жігітпен танысып қалдық. Бізді бір көргеннен әңгімеге тартып, іші-бауырымызға кіріп бара жатыр. Жеделсатыда «жолдас» бола қалғанымызға соншалық, жалпандағанына қарап, ішім қылп етті.

— Қандай жұмыс істейсіздер? Айына қанша табыс табасыздар? — деп сұрақтың үстіне сұрақ қояды. Қасымдағы әріптесім сақа журналист, көпті көрген кісі еді.

(Жалғасы 3-бетте)

ӨМІРДІҢ ӨЗІНЕН

«МИН КАУ ХАН» ҚЫЗДЫ ТАҢДАДЫМ

Қазір не көп: ұлтшыл патриот көп. Қазақты қызыл сөзбен сүйетіндерді тыңдасаңыз, езуінен ақ көбік бұрқырайды. Ал Әлихан Бөкейханов «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген екен. Сол рас-ау деймін. Біздің кейіпкеріміз ұлтқа қызмет етудің жарқын бір мысалын айтып берді. Өз басынан өткен жағдай. «Қытайдағы қазақтардың ұлт ретінде сақталу-сақталмауы қиын мәселе. Осындай күрделі шақта бір қазақты құтқарып қалсам деген едім. Сол арманым орындалды», — дейді кейіпкеріміз. Әңгіменің жалғасын оқыңыздар!

Мен Жетісайдың тумасымын. Есімім — Дулат (атын өзгертіп беруімізді өтінді). Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттің халықаралық қатынастар факультетінде оқыдым. Сол жылдары Қытайдан көптеген қыз-жігіттер келіп оқыды. Жатақханада бірге тұрдық. Таныстық, дос болдық. Олардың ана тілімізде таза сөйлеуі, қазақтың салт-дәстүрі мен дүние-танымын сақтауы мені қатты қызықтырды. Тіпті олар туралы зерттей бастадым, ақырында Қытай қазақтарының жандүниесіне ғашық болдым.

Халықаралық қатынастар факультетінде оқығандықтан, мамандығым үшін де Қытайдағы қазақтардың тағдыры



маңызды рөлге айналған. Университетті бітіретін жылы «Қытайдағы қазақтар және көші-кон мәселесі» деп дипломдық жұмысымды таңдап алдым. Өйткені, біріншіден, еліміздегі қазақтың саны өсуі керек. Екіншіден, қазақ ұлтын қалыптастыру үшін өзіміз жоғалтқан рухани құндылықтарымызды арғы беттегі ағайыннан ғана табатынымызды түсіндім. Жасыратыны жоқ, жергілікті қазақтар Кеңес Одағы құрылған сонау 1920 жылдардан бастап өзгеріске ұшырап, көптеген ұлттық құндылықтардан айырылған. Тең жартысы қазақы болмысы түгілі, тілінен мүлде түл болды.

(Жалғасы 3-бетте)

ТҮЙТКІЛ

Кезінде Ресейде «МММ» деген болды. Мавродидың қаржы пирамидасына миллиондаған адам алданып қалды... Біздің еліміздегі ломбард пен қаржы пирамидалары арқылы келген шығын 5 миллиард теңгеден асып түскені белгілі болды. Осыған байланысты құқық қорғау органдарына қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы 2 мыңнан астам өтініш келіп түскен. Қаржылық пирамидаға алданып қалған 42 мың адам бар екен.



ӨЗ ЕРКІҢІЗБЕН АЛДАНБАҢЫЗ!

«Гарант 24 Ломбард», «ESTATE Ломбард», «Выгодный займ» деген компаниялардың қызметі заңсыз болғаны анықталып жатыр. Азаматтардың мүлкі мен ақшалай қаражатын алу схемасы — нағыз алаяқтық схема. Олар салымшылардың көп санын тарту үшін қазақстандық эстрада және спорт жұлдыздарының қатысуымен кең жарнамалық науқан жүргізген. Whats App мессенджерінде жауапкершілігі шектеулі серіктестік басшылары чат құрып, оған барлық салымшылар кірген.

Қаржылық алаяқтықпен айналысқан серіктестіктердің басшылары өз қызметін бір уақытта тоқтатқан және халықтан ұрлаған ақшамен дереу бой тасалады. «Ақшан барда қалтанда, олай-бұлай талтанданын» кері келді.

Қазақстанда мемлекеттік тіркеуден өткен 2121 ломбард бар екен. Қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жеке тұлғаларға қарыздар беретін ломбардтар 2020 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінде өзінің заңды тіркелу орны бойынша есептік тіркеуден өтуге тиіс. Көрсетілген мерзімнен кейін есептік тіркеуден өтпеген компаниялар таратылуға жатады.

Танымал әлеуметтік желілердің жабық топтары жарнамалық іс-әрекет жасайды. Менің ойымша, осындай желілер қатаң бақылауға алынуы тиіс.

Ақшаны дұрыс жұмсауды үйрене алмай жатырмыз. Мемлекет кепілдік беретін банктік депозитке салған әлдеқайда тиімді ғой. Қаржыңыз артылып бара жатса, салынған қаражаттың қайтарымдылығына кепілдік беретін банктерге салыңыз.

Бір сөзбен айтқанда, «өз еркіңізбен» алданбаңыз!

Нұрғоре ЖҮСП,
Сенат депутаты



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
52,16

DOLLAR
378,36

EURO
411,92

РУБЛЬ
5,76

КӨКЖИЕК

ҚАРА ТЕҢІЗДЕГІ ҚАР ТУРИЗМІ



(Бұл туралы 8-беттен оқыңыз)

БІЗБЕН ҰШЫҢЫЗ

СІЗДІҢ КҮЛКІҢІЗ
БІЗДІҢ МЕРЕЙІМІЗ



Сертификат № KZ 01/032 | 11.04.2019

ТҮЙТКІЛ

Семейде қомағай жауынгер ұсталып, қылмысы мойнына қойылған соң сотталып тынды. Енді 3 жыл 6 айын темір тордың арғы жағында өткізеді. Өзер жеткен әскери шенінен де айырылды. Абырой туралы айтпай-ақ қоялық. Қысқасы, естіген кісіден ұят!

ЖАУЫНГЕРГЕ ЖАТ ӘДЕТ

Ол әскери бөлімде азық-түлік қоймасының бастығы болған. Өттеген-айы осы қызметте жүріп қара басының камын ойлап кетіпті. 2018 жылдың қыркүйегінен 2019 жылдың мамырына дейінгі аралықта көп мөлшердегі азық-түлікті әріптестеріне сатып жіберген. Саудалаған азық-түлігінің бағасы 8 951 022 теңгеге жетіпті. Қылмысын жасыру үшін бәрін «есептен шығарған». Бұл іске жақында Семей гарнизонының әскери соты нүкте қойды.

Осы оқиғаның ізі суымай жатып Түркістан облысының Бадам стансасы маңындағы Әуе қорғанысы күштерінің әскери бөлімшесінде тағы бір тосын оқиға болды. Кіші сержант Абылай Балғынбаев қару-жаракқа қол салған.

ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРЫЛАТЫНДАР:
(жылына)

Кемі – **200 мың адам**

Жарамдысы – **78-80 пайыз**

Жарамсызы – **20-22 пайыз**

ЖИІ ҰШЫРАСАТЫН ДЕРТ:
(пайыз өсебімен)

Психикалық және мінез-құлық

ауытқушылығы – **25,4**

Қан айналымы мен жүйке жүйесі – **12,7**

Несеп-жыныстық жүйесі – **10,4**

Ас қорыту мүшелерінің ауруы – **10,4**

Оның сұғанақ әрекеті әскери бөлімнен рұқсатсыз шығып кеткен соң ғана белгілі болыпты. Осыған байланысты пікір білдірген ішкі істер министрлігі тергеу департаментінің бастығы Санжар Әділов: «Ол барлық қаруды бір мезетте алып кетпеген. Қантар айының аяғы мен ақпан айының ортасында ешкімге көрсетпей қоймадағы қаруды шетінен ұрлаған. Ал автомат сияқты ауыр қаруларды алып кетуге сыбайластарын шақырған», – деді.

Жауапсыз жауынгермен қоса үш адам – дивизия командирі, жедел кезекші мен

деген осындай-ақ болар, оқиғаның алды-артын бағамдамай жатып күдіктіні «адал еді» дегендердің өзі ауыздарына құм құйылғандай болды. Өкініштісі сол, Абылай басқан ізін білдірмейтін ұрынын өзі боп шықты. «Жау кеткен соң қылышынды тасқа шап» демекші, әскери бөлімдерде қорғаныс енді күшейтіліп жатыр.

Қазір Абылай сыбайластарымен бірге қамауда отыр. Олар Қылмыстық кодекстің 291-бабымен 8 жылға бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Жалпы, жауынгерлер арасындағы жауапсыздыққа бірінші орында тұрған дерттің салқыны тиюі әбден мүмкін. Өйткені жүйкеге түсетін салмақ көбейді. Бұл мәселенің шет жағасын осы аптада Мәжілістегі отырыста депутат Юрий Тимошенко жеткізді.



келісімшартпен жұмыс істейтін сарбаз қару-жарақты сақтау ережесін орындамағаны үшін қамалды.

Қолды болған қарудың бағасы миллиондаған теңгені құрайды. Тіпті саудагер сарбаз екі тапаншаның әрқайсысын 120 мың теңгеге сатып үлгерген. Қалғаны достарының үйінде сақталған. Кеше Абылайдың алаңғасыр достарының тағы біреу ұсталды. Солардың ешқайсысы жауынгер досына қарсы тұрып, бұл Отанға қарсы жасалған қылмыс екенін бетіне айта алмаған. Қайта қолдап отырған сынайда. «Адам аласы ішінде»

Мысалы, әскерге шақырылғандардың несиеcін негізінен, ата-анасы мен жақындары төлеп жүр. Бұл жүйкеге салмақ түсіреді. Сондықтан ол мұндай жүктемені тоқтату және осы норманы заңға енгізу керек деп есептейді. Өйтпеген жағдайда әскер қатарына шақырылғандардың борышын өтеуден қашқалақтауы немесе қызметін өтеу мерзімін кейінге қалдыруды сұрайтындар азаймайды.

Қалай десек те ел қорғаны болар жастардың денсаулығы мықты, әскери қызметке адал болуы үшін жұмыс істеу керек боп тұр.

Жолдасбек ДУАНАБАЙ

Сөз-Жебе

Серік ЖАҚСЫБЕКОВ,
Сенат депутаты:

«Жеңіл өнеркәсіптің жалпы ішкі өнімдегі үлесі небәрі 0,5 пайыз. Бұл ойландыратын нәрсе. Біз осы салада не болып жатқанын білгіміз келеді. Сенатта кездесу ұйымдастырдық. Нұр-Сұлтан, Ақтау, Атырау, Шымкент қалаларындағы өнеркәсіп орындарында болдық. Бізді не алаңдатады? Біздіңше, бағыт дұрыс емес. Тек мемлекеттік тапсырысқа иек артып отыр. Халықаралық тәжірибеге сүйенсек, мемлекеттік тапсырысты тек отандық өндірушілерге береді. Бұл дұрыс. Осыны істеу керек. Бірақ «Бізге мемлекеттік тапсырыс керек, әйтпесе күнімізді көре алмаймыз дейтін көзқарас қалыптасқан».



Аптаның айтары

Елжан БІРТАНОВ,
денсаулық сақтау министрі:

«Коронавирустан үрейленудің қажеті жоқ, өйткені бұл бәрін сұлатып түсіретін оба немесе індет емес. Жоққа шығармаймын, елімізге сырттан өнуі мүмкін. Қазақстан шалғайда жатқан қандай да бір арал емес. Сондықтан біздің міндетіміз – қол жайып қарап отыру емес, болуы ықтимал жағдайларға нақты дайындалу. Үкіметке барлық шараларды қабылдау тапсырылды. Біз бұл шараларды атқарып, арасында түзетулер жайлы жариялап отырамыз».



Мәселе

ЖҰМЫЛА КҮРЕСУ КЕРЕК

Әлемді алаңдатқан жұқпалы дертпен біз бұрын да бетпе-бет келдік. Айталық, сақтандыру шараларын дұрыс ұйымдастырудың арқасында «құс тұмауын», «шошқа тұмауын» елге өткізбедік. Былтырғы желтоқсан айында Қытайда пайда болған коронавирус расталғаннан кейін тағы да қамсыз қалмауды ойластыра бастадық. Осыған байланысты Үкімет пен денсаулық сақтау министрлігі орасан зор жұмыс жүргізді. Әсіресе ауру ошағы саналатын Қытайда сапармен, демалып, оқып жүрген азаматтарымызды елге қайтару тиянақты іске асырылуда. Ең бастысы, осы мақсаттарға қомақты қаражат бөлінген. Қажетті құрал-жабдық жеткілікті. Барлық әуежайларда, теміржол бекетінде бақылау күшейтілген. Шетелден келген азаматтар сақтық үшін 14 күн жататындай карантин орталықтары барлық аймақта дайындалып қойды.

Бүгінге дейін дүниежүзінің 33 елінде коронавирус тіркелді. Бұл жұқпалы дерттің әсері күрделі екенін көрсетеді. Бүгінгі басты мақсат – инфекцияны ел ішіне кіргізбеу. Айталық, Қытаймен қарым-қатынас реттелді деуге негіз бар. Қауіпті вирустың өршуіне байланысты «Қорғас» келен бекеті жұмысын тоқтатты. Басқа да шекара бекеті күзетілуде. Қауіпті індет өзге елдерде де тараған соң, Қазақстан Оңтүстік Корея бағытындағы әуе қатынасын қысқартпақшы. Иранға ұшақтар мүлдем ұшпайтын болады. Бас санитариялық дәрігер Жандарбек Бекшин мырза қауіпсіздік үшін Оңтүстік Корея, Италия, Иран, Жапония, Гонконг, Тайваньнан келген отандастарымыз 14 күнге карантинге жатқызылатынын хабарлады. Енді Иран, Оңтүстік Корея, Жапония, Италиядағы азаматтарымыз 1 наурызға дейін елге оралуы керек. Бір Оңтүстік Кореяда 34 мың жерлесіміз бар екен. Олар сол жақта да ем қабылдауына болады. Бірақ біз адамгершілікті бәрінен жоғары қойып отырмыз. Айталық, коронавирус тараған Diamond Princess лайнерінде болған азаматтарымызды да елге әкелдік. Олар қатан бақылауға алынып, ағзаларынан вирустың белгілері табылмады.

Еліміздегі мекеме басшылары залалсыздандыру жұмысын сағат сайын ұйымдастыруды бастады. Оңтүстік Корея, Италия, Сингапур, Тайланд, АҚШ, Жапония, Иран, Малайзия, Вьетнам секілді елдерге сапарлап бармауға кеңес берілді. Министрлікте қай елде канша адам ауырғаны күн сайын анықталып, сараптама жасалуда. Тәулік бойына ақпарат алмасамыз.

Кеше сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Айбек Смадияров өткізген брифингте Сеулдегі елшілік арқылы барлық жағдай бақылауда екендігі белгілі болды. Жедел штаб, WhatsApp мессенджерінде арнайы чат құрылып, тәулік бойы жедел желі телефоны жұмыс істеуде. Азаматтарымызды консулдық есепке алу жұмысы күнделікті жүргізіліп жатыр екен. Бір ғана Оңтүстік Кореяда еліміздің 35 мыннан астам азаматы бар. Олардың 12 мыны зансыз жүр. Бәрін елге жеткізу ойластырылып жатыр. Әрине, Кореяда да емделуге болады. Бірақ оларға өз елімізде анағұрлым қауіпсіз.

Енді біз осы тажалдан қалайда аман болуымыз үшін үкіметтің ғана емес, қарапайым азаматтардың да сақтығы ауадай қажет. Қазіргі ұсыныс бойынша сырттан келген азаматтар 14 күн арнайы орында жатып, сау болған күнде де 10 күн үйден шықпай дәрігердің бақылауында отыруы тиіс. Мұны дұрыс шешім деп санаймын. Осы талапты әркім орындауы тиіс. Күнделікті қолды сабындап жуу, қоғамдық орындарда тазалықты сақтау, көпшілік орындарға жиі бармау, тұмау болған күннің өзінде де дәрігерге қаралу бәрімізді сақтандырады. Қорыта айтқанда, қиындыққа қарсы жұмыла қарсы тұрғанда ғана дертке бой алдырмаймыз.

Жақсылық ДОСҚАЛИЕВ,
медицина ғылымдарының докторы



Инфографика

ҚЫР АСҚАН ҚАРЖЫ

27 ТРИЛЛИОН

теңге аударылған

80 пайыз қаржы

5 МЕМЛЕКЕТКЕ жіберілген

ҰЛЫБРИТАНИЯ

10 ТРАН ТЕҢГЕ

РЕСЕЙ

ҚЫТАЙ

ИТАЛИЯ

АҚШ



Дереккөзі: ktk.kz

1+2

Айнұр ДӘУІТ,
Алматы қаласының тұрғыны:

«Үш айдың ішінде үйді ала аласыңдар деді. Бірақ үш айдың ішінде үй алмадық. «Қазір біз инвестиция тартып жатырмыз, инвестиция, міне, болады. Шартты түрде келісімшарт бар, кішкене күте тұрыңыздар».



Хадиша ЖҰМАНОВА, *Қаскелең қаласының тұрғыны:*

«Қаскелең қаласынан 1-2 адам үй алды деп естідім. Сол алғандарды айтқаннан кейін «үй алды, бәрі жақсы бұл компания» дегеннен кейін сол жерге барып салдым. Бірақ мен 4 миллионды толық салмадым, бөліп салдым. «Алдыға қарай кезегіңіз жылжиды, көбірек салсаңыз» дегеннен кейін тағы да 2 млн қосып, жалпы 4 млн салдым».

Салтанат ӘЗІРБЕК,
Алматы қалалық ПД ресми өкілі:

«Сезікті азаматша бірден полицияға жеткізіліп түсініктеме берген. Яғни сұрақ-жауап алу кезінде өз кінәсін толығымен мойындады. Қазір жөбірленушілердің саны 64 болып отыр. Барлығы ресми түрде шағым түсірді. Қазір қылмыстық іс бойынша сот экономикалық сараптама тағайындалды».

Қылмыс

(Басы 1-бетте)

Әлгінің бізді майлы ішекше айналдырғанын онша құп

көрмеді. Анау қояр емес: «Қосымша ақша тапқыларыңыз келсе, бізбен жұмыс істеніздер. Ақша артық етпейді ғой», — деп, қозысын қорыған тұмса тұсақты екеумізді шыр айналады.

— Ол не қылған батпан күйрек? — дедім, әлгінің әдепкіден тым сыпайы мінезінен тез құтылғым келіп. Ол да менің әңгіменің түйінін күтіп тұрғанымды сезді-ау деймін.

— 100 мың теңге салып, жарты жылда 1 миллион теңге табатын жұмыс, — деп лак еткізді.

— Оппана! — деппін, аузымнан түсініксіз танданыстын қалай шығып

кілең әртістер мен әншілер. Қазақ өнерінің мен-мен деген мықтылары. Арасында әнші Айқын Төлепберген, ағайынды актерлер Артур мен Асылхан Төлеповтер де бар. Олардан бөлек, блогерлер мен вайнерлер де жүр. Белгілі әнші Бағланнның жарнама роликтегі сөзін көзіміз шалып қалған. Әнші «Меніңше, бұл біздің нарықтағы ең тиімді, ең қолайлы алып-сату болып табылады. Сондықтан, өз мүмкіндіктеріңізді пайдалы жұмсаңыздар!» — деп, өзінің табынушыларын әлгі бизнес пирамидасына ақша салуға шақырып отыр. Халықтың психологиясы белгілі: күнде жұрттың көз алдында жүрген соң өнер адамына иманды сенеді. «Анау Айқын мен Бағлан ақымақ дейсің бе? Спортшылар білімсіз деймісін? Олар да ақша салыпты. Тиындарын бірнеше есе

«МЕН АЛДАРМЫН, АЛДАРМЫН АҚЫЛДЫНЫ ДА АЛДАРМЫН»

кеткенін байқамай. Анау сондай сәтті пайдаланып менің телефон нөмірім мен жұмысымды сұрап үлгерді. Олан бері екі аптадай уақыт өтті. Әлгі жігіт күніне ерінбей-жалықпай, телефонының ақшасын киып отырып маған екі рет қонырау шалады. Жұмысына, жиналыстарына, тренингтеріне шақырады. Мен де ертең, ертең деуден бір шаршамаймын.

Осы оқиға ұмытылмай жатып, күні кеше ғана қаржылық пирамидаға алданып қалғандар жер-жерде шу шығарды. Арасында әншілер мен актерлер де бар. Әртіс демекші, халықтың жердегі жұлдыздарға деген құрметі, ілтипаты қашан да бөлек! Алайда өздерін халықтың қызметіндеміз дейтін өнер адамдары өз жанашырларын осы жолы тақырға отырғызды. Алдап соқты деуге болады. Өйткені, жұртты дүрліктірген әлгі бірнеше қаржылық пирамиданың былығы осы аптада әшкере болды. Ломбардқа әдетте халық шүбәсіз сенеді. Аналар сондай сенімді атты ұтымды пайдаланған. Бейнероликтері мен жарнамасына түскендер —

көбейтіп алыпты», — деп, жарнамаға жалп еткендерінде шүбә жоқ.

Ал әнші-әртістердің айтуынша, өздері де жер сипап қалған көрінеді. Ағайынды Төлеповтер 13 миллион теңгемізді салып, аузымыз күйіп қалды деп отыр. Айқын да досымен бірге барып алданып қалыпты. Ол: «Достар мен аталған ломбардқа ешқандай қатысым жоқ. Мен де сіздер сияқты алданған адаммын. Бір досымның шақыртуымен жарнамаға түстім. Менің жарнамама еріп барып, сан соғып қалған болсаңыз, кешірім сұраймын. Бұлай болғанына қатты өкінемін», — деді. Алайда өнер жұлдыздарының бұл жауабы оларды

айыбын бетіне басып, жұртты қалай алдаса, зан бойынша солай жауап беру керектігін, кешіріммен құтылып кетпеуін ескертті.

Әлгі Алдар Көсенің өзі туралы өленінде:

Мен Алдармын, Алдармын, Шайтанды да алдадым. Сусыз жерде өсемін, Сондықтан да Көсемін, — деген өлені болушы еді. Бірнеше мың адамды сан соқтырған ломбард ыланьында әртістер мен әншілер Алдардың рөлін ойнағандарын андай ма екен?

Жарас КЕМЕЛЖАН

Шектен шыққан

Осы аптада «Гарант-24 Ломбард» пен «ESTATE Ломбард» секілді шағын қаржы ұйымдарына қатысты шыққан шуға ішкі істер министрлігі мен Бас прокуратура амалсыз араласты. Өйткені, еліміздің түкпір-түкпірінде ломбардтың барлық салымшылары сандалып қалды.

ЖҰЛДЫЗҒА СЕНІП АДАСҚАҢДАР

Осы жерде қаржы пирамидасының ломбардқа қатысты өрбуі бәрімізді ойға қалдырады. Өйткені, ломбард дегеніміз — жекелеген азаматтардың жылжымайтын мүлік, көлік, алтын бұйымдары секілді бағалы заттарын кепілдікке алып, құнына қарай өсімпұлмен қаражат беретін мекеме. Бірақ біз айтқан «Гарант — 24 Ломбард» пен «ESTATE Ломбард» Ұлттық банк талабын өрескел бұзған. Елордалық заңгер Қабанбай Қуанышевтың айтуынша, Ұлттық банк тізімінде жеке кәсіпкер немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестік ретінде тіркелген қаржы ұйымының жалпы саны 168 ғана. Ал 700-ге жуығы заңсыз жұмыс істеп келеді. Олар азаматтардың түрлі банкке қарыз екеніне қарамастан, ешқандай кепілзат сұрамастан, қарыз беруді жалғастыруда. Осы мүмкіндікті қарапайым халық қана емес, шағын қаржы ұйымдары да өз ыңғайына қарай пайдалануда.

Несие берумен

Қабанбай ҚУАНЫШЕВ, заңгер:

Ломбард — банк емес. Соны біле тұра, олар ойына келгенін істеуде. Бұл ұйымдардың тұрғындардан ақша жинап, ақшасын өсімпұлмен қайтаруға уәде беруі ақылға қонбайды. Қаржы министрлігі ломбардтарға қатысты тексеруді енді ғана бастады. Бірінші мәселе — талапты күшейту қажет. Екінші мәселе — халықтың қаржылық сауатын көтеру керек. Үшінші мәселе, жарнама жасау арқылы жұртты желіктірген танымал әншілер, актерлер, вайнерлер жасаланауы тиіс. Олар өз аудиториясын жарнамалық мақсатқа жұмсады. Демек кінәлі. Қазір «өзіміз де алданып қалдық» деп жатыр.

айналысатын мекеме құрылған кезде, оның жарғысында атқаратын қызметтері айқын көрсетілуі тиіс. Алайда Ұлттық банктің шынжырына байланғысы келмегендер өз білгендерін істейді. Қарыздың күндік, айлық пайызы да жоғары. Дегенмен алу тәсілі оңай. Жұрттың ақшаның бетіне қарамауы да осыдан туындауда.

Ішкі істер министрлігі тергеу департаментінің басшысы Санжар Әділов қаржы пирамидасының құрылтайшылары Қырғызстан мен Ресейден іздестіріліп жатқанын айтты.

Негізінен, жұлдыздардың «жұмысы» көп кісіні шатастырған секілді. Олардың жарнамасы Instagram желісінде күні-түні көпшіліктің көз алдында. Сондықтан «Қазақстан ұлттық тұтынушылар

лигасының» басқарма төрағасы Светлана Романовская соңғы кездері әлеуметтік желіде жарнаманың жер жарып тұрғанына өкініш білдірді. Мындаған жазылушылар ел алдында жүрген азаматтарға сеніп қалғанын айтады. «Бұл — біздің бақытсыздығымыз. Жарнаманы жариялау үшін ең алдымен тексеру керек. Халықты адастырмаған жөн. Алайда олар ақшасын алған соң, оқырмандарына түсіргені бар ма?» деген қоғам қайраткері кімнің аққаунтында алданғандар көп соларды жабу керектігін жеткізді.

Өкінішке қарай, ешкім өзін кінәлі сезінгісі келмейді. Әсіресе

Светлана РОМАНОВСКАЯ, қоғам қайраткері:

Меніңше, әлеуметтік желі арқылы таратылатын барлық жарнаманы тіркеу туралы Парламентке өтініш жасау керек. Мәселен, біз телеарна мен радиодан жарнама көргенде мұның заңды екенін түсінеміз. Өйткені, азды-көпті салық төлейді. Ал интернетте жарияланған жарнама тексерілмейді. Егер Instagram желісінде БАҚ ретінде тіркелмесе, жұлдыздардың жән-жосықсыз жарнамасын қалай түсінуге болады? Сондықтан оларды қатаң тексеру керек.

Жазира НАЙМАНБАЕВА, Алматы тұрғыны:

Биы қаңтар айының соңында «Гарант-24 Ломбард»-қа 400 мың теңге салдым. Таныстарым, туыстарым оның пирамида екенін айтса да сенбедім. Өйткені, ломбардтың жарнамасы күшті жүрді. Ел алдындағы жүрген жұлдыздардың жарнамасынан кейін аса құмандана қоймадым. Келісімшарт жасасқанда да пайыздық көрсеткіші тиімді көрінді. Бір айдан кейін келісімшартта көрсетілген 140 мың теңгемді алдым. Келесі айда одан да жоғары пайызбен ақша алуым керектігін ойлап, тағы 300 мың теңгемді апарып салдым. Кезекті рет ақшамды алуға келсем ломбардтың есігі жабық. Алданғанымды кеш түсіндім. Мен сияқты тақырға отырып қалғандардың саны Алматыда 3 мыңнан асады. Ақшасын миллиондап салғандары да кездеседі. Осы үшін отбасымен ажырасып, тіпті науқастанып қалған жандар бар. Ендігі ұміт құзырты мекемелерде.

қаржы пирамидасын ұйымдастырушылар. Мысалы, «Гарант 24 Ломбард» басшысы Аслан Мырзабеков WhatsApp-та өз салымшыларына: «Мен сіздердің ақшаларыңызды «қайтарып беремін».

Сенім білдіргендеріңізге рахмет. Әзірше сау болыңыздар, оңай олжаға қызығушылар!» деген хабарлама қалдырған. Мұның арғы жағына үңілсеңіз, мысқыл мен мазақ жатқандай. Нұр-Сұлтанның өзінен бірнеше ломбард ашқан ол салық орындарына 130 мың теңгедей берешегін де төлемеген. Ал «ESTATE Ломбард» басшысы Нұржан Елеуов алматылықтарды қапы қалдырған. Ақтөбеде тіркелген Home Avto Invest фирмасына Нұрбек Зейнеденов жетекшілік жасаған. Мекеменің салыққа қарызды да аз емес.

Қазір құзырлы орындар еліміздің әр аймағынан аталған компаниялардың филиалын басқарған азаматтарды ұстау операциясын жалғастыруда. Бірнеше күнде «Гарант-24 Ломбард» ЖШС-нің Атырау, Тараз, Павлодар, Қарағанды, Ақтау және Батыс Қазақстан облысындағы филиал директорлары қамалды. Олардың қанша қаражат жымқырғаны әзірше белгісіз. Алайда жарнамасының өтімділігі, маркетингті жетік менгеруі мықты ойластырылған шара болып шықты. Соның салдарынан анқаулар сан соғып қалды.

Құқық қорғау органдары құдіктілердің үстінен Қылмыстық кодекстің 190-бабы, 4-тармағы бойынша (алаяқтық) қылмыстық іс қозғаған. Ал салымшылар қаржы фирмасы кеңселерінің шаңын қағуда. Олардың арасында қаржы пирамидаларының жабылуына қарсы аламдар да бар. Осы орайда азаматтардың өзі алданып қана қоймай, өзгелердің тағдырына да бей-жай қарауы өкінішті.

Бас прокуратураға, құқық қорғау органдарына «Гарант — 24 Ломбард», «ESTATE Ломбард» ЖШС-не және «Нүрәлі Капитал», «Тиімді займ» шағын несие ұйымдарының иелеріне қатысты арыз үстін-үстін түсуде. Әзірше осы ұйымдармен 42 мың келісімшартқа отырған 6 мыңнан аса азамат шағымданғаны белгілі болды. Құқық қорғау орындары тұрғындар өтініші негізінде 22 қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастады. Ломбардтардың 1 менеджері мен 12 филиал директоры жауапкершілікке тартылуда.

Бас прокуратура азаматтарға кіріс көзі дәлелденбесе де, комакты қаражат беретін қаржы ұйымдарының уәдесіне сенбеуге шақырды. Алайда жұрт мұндай ескертулерді көп уақыт өтпей-ақ ұмытып кететіні жанға батады. Алаяқтарға бұрын егде жастағылар жем болып жатса, қазір сауатты, білімді жастар да аяқтарын шалыс басып жүр.

Осыған қарап отырып нанды адал еңбекпен тапқанша, жеңіл жолмен тезірек баоды жөн көретіндердің көптігіне налысн. Ал арам ақша ешқашан абырой әпермейтіндігі ешкімді тәубесіне келтіре алмай отыр.

Жолдасбек ДУАНАБАЙ

QOĞAM

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru



www.jasqazaq.kz

Өмірдің өзінен

(Басы 1-бетте)

Осындай жағдайда Қытайдағы ағайындар қазақ ұлтын жаңғырту үшін өте маңызды екенін түсіндім. Сондықтан, университетті бітірген соң

Қытайға барып, сол жақтағы қазақтарды тағы да зерттейін, қытай тілін үйреніп қайтайын деген оймен жолға шықтым.

Қытайға барғанда ол жақтағы қазақ жастарының екіге бөлінетінін байқадым. Біріншісі — қазақша оқыған тілі, жан-дүниесі өзгермегендер. Екіншісі — қытайша оқыған, дүниетанымы өзгергендер. Оларды ханзуша «мин қау хан» дейді. Қазақша баламасы «Қытайша оқыған ұлт» дегенді білдіреді.

Бірінші топқа ешқандай көмектің қажеті жоқ. Қазақ тілін жақсы біледі, дүние-танымы да қазақы. Елімізге келуіне де тілдік жағынан кедергі жоқ. Екінші топты құтқармаса, олардың тағдыры қиын. Олар ханзуша оқығандықтан, құлды біздің орысша оқығандар сияқты. Қытайша ойлайды, қытайша сөйлеседі, жан-дүниесі қытай әлеміне жақын. Сондықтан, бір қазақты құтқарсам деген ойға тоқтадым. Сөйтіп, қытайша оқыған «мин қау хан» қызбен бас құрауға тура келді. Саналы түрде таңдау жасадым.

2005 жыл болатын. Үрімжіге жаңадан барған кезім. Қантар айы. Құрбан айт. Бір досым екеуміз Үрімжі қаласында тұратын, радиоа жұмыс істеген кісінің үйіне айтшылап бардық. Сол үйде отырғанда екі қыз айттап келді. Оның бірі — Айгүл деген

«МИН КАУ ХАН» ҚЫЗДЫ ТАҢДАДЫМ



Іленің қызы. Қазақша оқыған. Қазақ классиктерін түгел оқыған, Мұқағали мен Мұхтарларды жатқа соғатын қыз. Екіншісі — «мин қау хан» қыз. Есімі — Нұргүл (*атын өзгертін алдық*). Қытайға бір есеппен барсам да, Нұргүлді бір көргеннен ұнаттым. Таныстық. Ол жерден шығып, бөріміз Бағдат Естемес деген композитор кісінің үйіне айтшылап бардық. Қысқасы, сол күні Нұргүлді іштей жақсы көріп қалдым. Ерtesi досыма колқа салып, қыздардың үйіне айтшылап баратын болдық. Нұргүл Морый деген ауылдан. Үрімжіде жазушы ағасының үйінде тұратын. Сол үйге айттап бардық. Мақсатым — отбасын, шыққан тегін танып-білу ғой. Қыз үйінде жоқ екен. Ағасымен танысып, әңгімелестік.

Арада біраз уақыт өтті. Қыз каникулге ауылына кетті. Айгүл деген құрбысы екеуміз ауылына іздеп баратын болдық. Қазақстанда үйленбей тұрып қыздың үйіне іздеп бару деген қылмыспен пара пар. Қыздың аға-бауырлары жеп қояды. Ал Қытайда олай емес екен. Нұргүлдің туған-туыстары мені Қазақстаннан келген қонақ деп қой сойып, асты-үстіме түсіп қонақ қылып, күтіп алды. Бір қызығы, туыстарының ешқайсы бұл неғып жүрген жігіт, біздің қызды іздеп келгені қалай? — деп айтпады. Тіпті көздерінде ондай бөтен сұрақ болған жоқ. Мені олардың сондай таза, кіршіксіз көңілі қатты қызықтырды. Нұргүлдің ауылында бірнеше күн еруледі. Тұсаукесер, сұңдет тойға қатыстық. Жақсы демалыс болды.

Бұл арада Қазақстандағы жігіттер мен Қытайдағы қазақ жігіттерінің ерекшелігін айта кетейін. Біздің жігіттерде өркөкірек мінез басым. Қыздың саны көп болғасын ба, жігіттеріміз өзімішті келеді. Менен басқа кімді табады? — деп қарайды. Ал ол жақтағы қыз-жігіттердің қарым-қатынасы бірдей. Мен Қазақстандағы түсінікпен ойласам керек, қайтар жолда Нұргүлге жақсы көріп қалғанымды бірден айттым. Өзіме қатты сенімдімін ғой. Бірақ ол маған жалт бұрылып қарап «Жоқ» деді. Тауым шағылғандай күй кештім. Қытайда екі-үш рет көре салып, жастар арасында бірден ондай қарым-қатынас орнап, сезім пайда болмайды екен. Сосын 24-25 жастағы студенттердің отбасын құруы ол жақта мүлде кездеспейтін жағдай. Оны қайдан білейін?..

Бірақ құрбылары араласып жатып, арақатынасымыз қайтадан жақсарды. Күндер өте келе ол да маған ғашық болды. Әңгіме оның туған-туыстарына жетті. Олар бірден қарсы болды. Өйткені, мен олар үшін Қазақстаннан келіп оқып жүрген көп студенттің бірімін. Оның үстіне, Нұргүл ағылшын-қытай тілдерін жақсы біледі. Жұмысқа тұрғалы жатқан. Бірақ біз қой дегенге қоймадық. Достығымызды жалғастырдық.

Көктемге қарай Нұргүл ауылына кетті. Отбасылық жиналыс болыпты. Бізді талқылапты. Туыстары тағы да үзілді-кесілді қарсы болды үйленуімізге. Бірақ әртүрлі себептермен кездесуімізді қоймадық. Жаз болды. Каникулге шықтық. Мен қыздың ауылына тағы да бардым. Әкесімен жолығып, күйеу бала ретінде сөйлесіп қайту ғой ойым. Әкесі намаз оқиды екен. Мен де намазханмын. Бірге намаз оқыдық. Сонда үлкен кісі «Мына бала Құдайдан қорқады екен. Қызымды берсем жаман болмас» деп ойлапты. Бірақ шеше орнына шеше болған үлкен жөңгесі қарсы болды. Тағы да бір аптадай ерулеп қайттым. Қазақстанға қайттым. Еуразия ұлттық университетіне жұмысқа тұрдым. Сол жылдың қысында Нұргүлді іздеп Үрімжіге, одан ары қыздың ауылына бардым. Сол жолы туыскандарының келісімін алып қайттым. Сөйтіп, 2006 жылдың 6 маусым күні Нұргүлмен үйленіп, Қазақстанға алып қайттым. Біз солай бас құрадық.

Жазып алған Жарас КЕМЕЛЖАН



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

KÓKEIKESTI

Шешім

Таяу Шығыстағы ұрыс айлағынан «Жусан» операциясы бойынша отандастарымыздың елге жеткізілуі қоғамда екі түрлі пікір таласын тудырғаны анық. Біріншісі, оларды елге әкелу үлкен қателік десе, екінші топ «адасқанның айыбы жоқ» деп түсіністікпен қарап, оларды «ұстанған теріс сенімінен бас тартады» деп үміттеніп отыр. Біз Сириядан елге оралған әйелдермен атқарылып жатқан жұмыс туралы психолог, Павлодар облысы «Дінаралық қатынастарды дамыту және сараптама орталығының» директоры Гүназ Раздыковамен сөйлескен едік.

Jas qazaq: Гүлназ Максотқызы, вахабит-сәләфит идеологиясы қоғамға қаншалықты қауіпті?

Г.Раздыкова: Өкінішке қарай, діннен хабары жоқ көптеген адамдар сәләфизмді еш зияны жоқ деп түсінеді. Бір алаңдатарлық жағдай, соңғы жылдары осы идеологияны жақтаушылар көбейіп отыр. Сәләфизмнің ешқандай дін емес, идеология екенін түсіну қажет. Бұлардан келетін басты қауіп — сәләфизмді ұстанушылар зайырлы мемлекетімізді мойындамайды, қазақ халқының ғасырлар бойғы салт-дәстүрін, қазақ қоғамының мәдени және рухани құндылықтарын жокқа шығаруда. Мұндай теріс сенім санасына сіңген адам



БАЛАНЫ РАЙЫНАН ҚАЙТАРА АЛАСЫЗ

өз азаттығын, тіпті өмірін осы саяси максаттын жолында құрбан етуге бар. «Діни экстремизм және терроризм» бабы бойынша сотталған тұлғалардың бәрінің исламдағы сәләфизм ағымының мүшелері болғандығын статистика да көрсетіп отыр.

Jas qazaq: Сіз дін саласындағы еліміздегі алдыңғы қатарлы маманның бірісіз және «Жусан» операциясымен елге оралған қандастарымызбен жұмыс істеп отырсыз. Олармен қарым-қатынаста қандай қиындыққа кездесіп отырсыз?

Г.Раздыкова: Әскери қажығыстар аймағынан оралған адамдармен жұмыс барысында біз әртүрлі қиындыққа тап болып отырмыз. Әйелдер мен балалар ол жақта нағыз соғысты көрді. Барлық әйелдер өте ауыр психологиялық жағдайда оралды. Көбі аштықтың кесірінен арып, жүлдеген, жараланғандары, мүгедек болып оралғандары да баршылық.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті жұмысты жүйелі әрі тынғылықты ұйымдастырды. Олар бұл жұмысқа көптеген мамандарды тартты. Бәріміз күш біріктіріп, үлкен бір отбасы сияқты жұмыс атқардық. Біздің «Жусан» операциясына дейін де тәжірибеміз болды. Экстремизмді насихаттаушы немесе оның құрбаны болған және осы бағытта сотталған әйелдермен жұмыс істегенбіз. Бұл тәжірибеміз «Жусан» операциясымен оралғандарды оналтуда пайдаға асты. Басты қиындық — екі арада сенім орнату болды. Себебі барлық әйелдер адамға сенбейтін, ашылып сырын айтпайтын түйік, моральды- психологиялық жағынан арып-ашқан күйде оралды. Және өз күйеулерімен басқамен сөйлеспейтін діни сенімде болды. Алайда біз олардың бойындағы бұл психологиялық кедергіні жоюға үлкен күш жұмсадық.

Jas qazaq: «Жусан» операциясымен оралғандарды қоғам екіге жарыла қабылдады. Біріншісі, оларды елге әкелу үлкен қателік десе, екінші топ «адасқанның айыбы жоқ» деп түсініп, олардың ұстанған теріс сенімдерінен бас тартады деп үміттеніп отыр. Осы бағытта ойыңыз қандай? Олардан қауіптену керек пе? Адастық деп ант-су ішіп отырған олар тәкфірлік жолдан құлантаза қайтты дегенге сене аламыз ба? Бұл мүмкін бе?

Г.Раздыкова: Иә, сіз дұрыс айтасыз. «Жусан» операциясы туралы қоғам расында да екіге жарылды. Бір топ оларды елге әкелмеу керек десе, екіншісі «Жоқ! Әкелу керек!» деді. Біз бұл туралы әлеуметтік желідегі пікірден біліп отырмыз. Сондықтан да мен оналту орталығында жұмыс істеген психолог ретінде оралған әйелдерге жеккөрушілік пен агрессия тақырыбында тренинг өткіздім. Ол әйелдер елге оралуға қорыққанын мойындады, Оларды Сирияда «Қазақстанға оралсандар, түрме күтіп тұр, балаларыңды тартып алып, хиджабтарыңды шештіреді» деп қорқытып тастапты. «Елге оралғанда не болады?» деген қорқыныш олардың санасына әбден орныққан. Алайда Сирияда қалса, өздерін және балаларын өлім күтіп тұрғанын бәрі жақсы түсінді...

Сирия асып кеткендердің елге оралуына қарсы болғандарды мен түсінемін. Біз өзіміз білмейтін немесе түсінбейтін нәрседен қорқамыз. Олар елге оралғанымен қандай жұмыс жүргізілгенін, Ақтау қаласындағы оналту орталығында болған әйелдермен қандай жұмыс атқарылғанын білмейді. Сондықтан да оларды қоғамға қауіпті деп түсінеді.

Біз көбіне адамдарды тәзімді болуға шақырамыз. Алайда сөйте тұра, өзгенің жан жарасы мен қателігін түсінуге келгенде кейде соқыр болып қаламыз. «Жусан» операциясы туралы айтарда біз ең алдымен балаларды ойлауымыз қажет. Бізде 300-ден астам бала бар. Балалардың ешқандай кінәсі жоқ. Олар ата-анасының

әрекеті үшін жауап бермейді. Оның үстіне, бұл әйелдер біздің қоғамға бөтен емес. Олар біреудің перзенті, қарындасы, апасы, анасы, жары. Қазақ бала үшін бар жақсылықты істеген. Басына іс түскен қандастарымызды далаға тастамаған. Міне, «Жусан» операциясы осы қазақтың ұлттық салт-дәстүріне адал екенін дәлелдеді.

Оларды құлантаза айықты, 100 пайыз оналды деуге әлі ерте. Олардың радикал болғандарына 2-3 ай болған жоқ. Бұл процесс жылдарға созылды. Сондықтан да оларды кері қайтару үшін тап сондай уақыт кететіні жасырын емес. Оның үстіне, олар Сирияда 5-6 жыл болды. Олардың қайтадан радикалдану қаупі бары да шындық. Мен өз тәжірибеме сүйене отырып, мұны екі фактормен байланыстырамын. Біріншіден, Сириядан оралған әйел қандай отбасына тап болды? Егер елде қалған өз отбасы діни ағымдағы радикалды көзқараста болса, ол әйелдің дұрыс жолға түсуі екіталай. Екіншіден, егер әйел елдегі деструктивтік діни ағымда жүрген адамға тұрмысқа шыкса, оның екінші рет радикалдануына жол ашылды деп есептеуге болады. Ешкімнің көмегінсіз радикал болуға өздері бейім әйелдер де бар. Бірақ олар өте аз. Ондайлармен



теолог мамандар мен психологтар жұмыс істеуде.

Jas qazaq: Гүлназ ханым, Сириядан оралған балалар арасында ДАИШ террористерінің басшылығымен әскери дайындықтан өткендері бар. Олар Сирияда неше түрлі қатыгездікті, соғысты, адам өлімін, қан көрді. Тіпті адам өлтіруге де дайындықтан өтті... Олармен психологиялық тұрғыда қандай жұмыс атқарылууда? Олардың ойлау жүйесін өзгерту оңай емес. Бұл тұрғыда қандай мәселе бар?

Г.Раздыкова: Сириядан оралған балалармен мен жұмыс істеген жоқпын. Олармен «Право» қоғамдық қорының мамандары жұмыс атқарды. Бала психикасы осал келеді. Оралған балалардың арасында психологиялық жарақат алғандар бар. Алайда ересектерге қарағанда, балаларды оналту әлдеқайда жеңіл. Себебі ішкі фактор балаға жылдам әсер етеді. Мысалы, күні бүгін Сириядан оралған балалардың бәрі балабақша мен мектепке барады. Олар секция мен үйірмелерге қатысады. Яғни Қазақстанның бар баласы сияқты толыққанды өмір сүріп жатыр. Бір жылдан соң оларды елдегі балалардан ажырату еш мүмкін болмайды деп ойлаймын. Ал елге оралған балалар адам өлтіруге өзін түр деп айта алмаймын. Себебі өзім мұндай жағдаймен бетпе-бет келген жоқпын.

Jas qazaq: Сириядан оралған әйелдермен жүргізіліп жатқан жұмыс бағытына өзгеріс енгізу керек деп ойламайсыз ба?

Г.Раздыкова: Әскери қажығыс аймағынан оралған әйелдермен жұмыста

жана әдіс енгізу және қолдану қажет. Ол үшін біз басқа елдердегі тәжірибені қарап, зерттеуіміз қажет. Менің біліуімше, террористік аймақтардан оралған адамдарды оналту әдіс-тәсілі аз. Халықаралық тәжірибе босқындар интеграциясымен байланысты. Сириядан азаматтарын әкелуде Қазақстан көш бастап, батылдық көрсетті. Бұл өте ақылды шешім болды. Егер әйелдер Сирияда қалып қойған жағдайда терроризмнің Қазақстанға қарай бағытталу қаупі болар еді.

Жұмыстың жана әдісінің бірі — Сириядан келген әйелдердің дін мамандарына көмектесіп, өзге әйелдерді оналту жұмысына белсене араласуы дер едім. Мысалы, Атырау, Ақтөбе, Қарағанды облыстарында бұл әдіс өз жемісін бере бастады. Оралғандардың көбі ақпараттық-түсіндіру топтарының мүшесі болды және волонтерлікпен айналысуда. Терроризмнің адамзатқа әкелген залалы туралы олардан асып кім айта алады? Олар бастарынан кешкен жағдай туралы журналистерге сұхбат беруде, кітап жазып, конференцияға қатысып, сөз сөйлеп жатыр. Біз мұны бағалауымыз қажет.

Jas qazaq: Сіз түрмеде жазасын өтеп жатқан радикалдардың көшбасшысы Ділмұратпен бірнеше рет кездесіп, сөйлестініз. Оның өз қателігіне өкінген сөзінде жарияладыңыз. Ділмұрат өзінің адасқанын шынымен түсінді ме?

Г.Раздыкова: Иә, мен маман ретінде Ділмұрат Махаматовпен жұмыс жасадым. Сондай-ақ кәсіби тұрғыда Қуаныш Башпаев, Оқтам Зауырбеков, Пулат Мұхиддинмен де кездестім. Бұл адамдар псевдосәләфтардың басшысы және күні бүгін жасаған қылмысы үшін темір тордың ар жағында отыр. Терроризм мен экстремизм екеуі екі бөлек нәрсе. Есімі аталған бұл адамдар экстремизмді таратты. Ал Сирияға кеткендер ДАИШ халықаралық террористік ұйымдарының мүшелері. Сондықтан экстремизм мен терроризмді бір жерге жинап, күрделі құбылысты жеңілдету менің тарапымнан дұрыс болмас еді.

Қатардағы сәләфит пен жамағаттың басшысын оналту екі бөлек жұмыс. Бұл туралы мен біршама жаздым. Ділмұрат пен оның жақтастары жайдан-жай көш бастаған жоқ. Бұған олардың тұлғалық сипаты, интеллектуалды және басқа да қасиеттері әсер етті. Мұндай басшылар Қазақстанда аз. Статистикаға жүгінсек, шетелде діни білім алған қазақстандықтар өте көп. Алайда олардың арасынан Қазақстанда сәләфизмді белсенді насихаттаған адамдар аз шықты. Жұмыс барысында мен псевдосәләфизм басшыларының аудио-

видео материалдарын көп тындаймын. Психолог маман ретінде байқағаным, ол материалдарда әртүрлі техникалық әдіс қолданылады. Психотехника, психотерапия әдістері, «өңшенділік тілі», дін психологиясының әдістері, әлеуметтану, агрессивті маркетинг және тағы басқарла. Олардың жетістіктері осында. Сондықтан да біз бұл контентті көбірек талдауға тиістіміз. Біздің имамдар деструктивті ағымдардың алдын алуда сапалы діни «өнім» бере алса деп ойлаймын.

Ділмұрат өзінің қате есептеулерге жол бергенін және бірденелердің дұрыс болмағанын түсінді деп ойлаймын. Ол өзін жақсы максаттарға ұмтылдым, исламды тараттым деп ойлайтын сияқты. Бірақ соңында темір торға қамалды. Неге? Себебі ол бәрін өзі талдауға бой алдырды. Ділмұрат өзінің қателігін мойындады. Ол біздің мұсылмандарға Қазақстандағы діни ахуалды есепке алмай, дін мәселесіндегі мемлекеттің саясатын білмей тұрып, дәріс берді. Ол мұны ашық түрде мойындап отыр. Оның теологиялық тұрғыда қаншалықты оналғанын мен айта алмаймын. Себебі бұл менің жұмысыма жатпайды.

Менің білетінім — өкіну өз қателігін мойындаудан басталатыны. Ал мұны сезіну өте қиын. Өз идеяларының қате екеніне көз жеткізу, ұстанған жолының бұрыстығын білу адамға моральдық тұрғыдан өте ауыр, кейде тіпті мүмкін емес.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Ұлдай САРИЕВА,
Батыс Қазақстан облысы

Қылмыс

Елімізде ителгіге қызығатын аңшылар қатары азаймай тұр. Ұлттық қауіпсіздік комитеті баспасөз қызметінің хабарлауынша, жақында Шымкент қаласында, Маңғыстау, Жамбыл және Түркістан облыстарының аумағында жүргізген жедел-іздестіру шараларының барысында бірқатар трансұлттық топтар заңсыз әрекеті үшін ұсталды.



Күдіктілер Қызыл кітапқа енгізілген ителгі құсын көптен бері заңсыз аулап келген. Кейіннен оларды Қазақстан-Өзбекстан және Қазақстан-Қырғызстан шекаралары арқылы Таяу Шығыс елдеріне контрабандалық жолмен шығарған. Мамандар көрсетілген қылмыстық топтардың заңсыз әрекетінен мемлекетке келтірілген зиян бірнеше миллиард теңгеге бағаланғанын айтады. Аңшылықты ұйымдастырушылар мен қатысушыларға қатысты қылмыстық іс қозғалды.

Осы ғой енді...

Алматының Алатау ауданындағы Шаңырақ ықшамауданын жұрт «қала ішіндегі ауыл» деп атайды. Мұның жөні бар. Аумақта шашылып жатқан қоқыстан аяқ алып жүру қиын.

«ШАҢЫРАҚ» НЕГЕ ШАШЫЛЫП ЖАТЫР?



Мәселен, Махамбет Өтемісұлы көшесіндегі коқыс үйіліп-үйіліп тауға айналған. Қалдықты тастайтын белгілі бір орын жоқ. Бірнеше үй бірігіп көшеге шығарып, бір жерге жиып қояды. Бұл көрініске сырттан келген кісі түгілі, сол жерде күнде жүретін өзін де ұяласын. Бұл ауданның бір ғана көшесіне тән құбылыс емес. Басқа көшелерде де жағдай осылай. Сонда коқыс жинайтын арнайы орындар қайда қарайды?

Тұрғындар да коқыс мәселесіне бас қатырмайды. Шашылған қалдықтан шаршаған жұрт әкімшілік тарапынан ешқандай тексеру болмайтынын айтады.

Тазалық — мәдениетіміздің өлшемі. Қала көшелерін таза ұстауға міндеттіміз. Әрбір азамат бұл мәселені аудан әкімшілігіне хабарласып, қузырлы орындардың әрекет жасауына себепші болуы керек. Лас жерде ауру пайда болатынын ұмытып кететініміз өкінішті.

Бекболат ІЗБАСАР,
студент

ФОТОШОҚ



ШҚО. Жол апаты

Сұхбат

Жат ағымның жетегінде кетіп, ай мен күннің аманында адасатындардың арасында қыз-келіншектер де бар. Олардың адасуына не себеп? Мұндай оқиғаның алдын алу үшін не істеу керек? Осы секілді сұрақтарға жауап іздеп, біз Алматы қалалық қоғамдық даму басқармасы жанындағы кеңес беру және оңалту орталығының дінтанушы маманы Назерке Жетпісбайды әңгімеге тарттық.

Jas qazaq: Назерке ханым, қыз-келіншектерге ақпараттық түсіндіру, оналту жұмысымен айналысып жүрсіз. Нәтижесінде қандай ой түйдіңіз? Араларында кемшілігін түсініп, беті бері қарағандары бар ма?

Н.Жетпісбай: Өткен жылы жат ағымның жетегінде кеткен 271 қыз-келіншекпен кездестік. Барлығымен жеке кездесуге, әңгімелесуге мүмкіндік болды. Араларында қарсылық көрсеткендері де ұшырасты. Дегенмен психологтың көмегімен, арнайы мамандардың қатысуымен сұхбаттаса алдық. 271 қыз-келіншектің 7-і түбегейлі оңалып шықты. Әрине, бұл аз ғана көрсеткіш болуы мүмкін. Дегенмен, осы тұста әйелдердің психологиясы күрделі болғандықтан, олармен сұхбаттасу, бір мәмілеге келе отырып көздеген мақсатымызға қол жеткізу қиын болатынын ұмытпауымыз керек. Нәзік жандылар тез еліктейді. Сондықтан бөтен біреудің ықпалына еріп, жат ағымның етегіне еріп кетіп жатқанын өздері де байқамай қалатын кездері болады. Бүгінде жұмыс барысында оналту жұмыстарымен қатар оларға арнайы шаралар ұйымдастыруды да қолға алдық. Айталық, ұлттық құндылықтарды насихаттау

Назерке ЖЕТПІСБАЙ:

ӘЙЕЛДІ АРБАУ ОҢАЙ

мақсатында құрақ көрпе тігуден арнайы мастер класс, торт пісіруден, тігін тігіп үйренуден арнайы дәрістер ұйымдастырдық. Осы арқылы қыз-келіншектердің үйде отырып, жеке кәсіптерін ашуға бағыт бердік. Балалар арасында мемлекеттік мейрамдар, соның бірі — Тәуелсіздік күніне арналған сурет салудан жарыс ұйымдастырдық. Міне, осындай шаралар ұйымдастыру арқылы қыз-келіншектермен тығыз қарым-қатынаста болып, оларды жақсы тануға бір мүмкіндік аламыз.

Jas qazaq: Нәзік жандылардың жат ағым арбауына түсуінің басты себептерін атай аласыз ба?

Н.Жетпісбай: Әйелдердің өзге ағымға тез еріп кетуінің басты себебінің бірі — күйеуінің ықпалы. Егер әйел адам дәстүрлі ханафи мазһабын ұстанып, оның күйеуі жат ағымды ұстанса, күйеуі ұстанған бағытқа бет бұрады. Өйткені, әйел адам ерінің айтқанына бағынады дегенді басты назарда ұстайды. Осындай жағдайда ақиқат білімге көз жеткізіп, ақ-қарасын ажырататын әйелдер санаулы ғана. Белгілі бір деңгейде білімі бар, оқыған, көзі ашық келіншектердің де жат ағымға арбалып қалуы бізді алаңдатады. Сонымен қоса, студенттердің де жат ағымға еріп кетуі үлкен дерттің бірі деп айтсақ болады. Олар оқу барысында немесе жазғы демалыс кезінде ақша табу мақсатында даяшы, сатушы қызметіне орналасады. Өзіңіз білесіз, қазір жастар ішімдік пен темекіге аса құмар емес. Сондықтан халал жұмыс орындарын іздейді. Ал осы «халал» деп отырған орындарда жат ағымның насихатталуы әбден мүмкін. Сондай-ақ әлеуметтік желі арқылы да жолдан таятқындар күнімізде көптеп кездеседі.

Jas qazaq: Аласқан қыз-келіншектермен сұхбаттасу барысында ерекше әсер қалдырғаны болды ма? Тіпті оналтуға қиындық тудырғандары кездесті ме?

Н.Жетпісбай: Көбінесе тұрмыстағы келіншектермен жұмыс істеу қиынға соғады. Яғни отбасында ерінің ықпалы басым келіншектер. Сұхбат барысында олардан бір жауап алу күрделі мәселе. Қойған сұрақтарымызға «Мен ештенне білмеймін, күйеуімнен сұрап алыңыздар», — деп алған бетінен қалтпайтындары бар. Мұндай келіншектермен жұмсақ сөздермен, психологиялық әдіс тәсілдерді пайдалану арқылы жұмыс жүргіземіз. Екінші сұрағыңызға оралатын болсақ, осы қызмет барысында «Жусан» операциясы арқылы елге оралған азаматшалармен сұхбаттасу мүмкіндігі туған болатын. Соның бірі — Айдана (*есімі өзгертілген*). Ол шаттық пен бақытқа толы отбасының қамқоршы анасы болып, өмір кешіп жүреді. Жеке кәсіппен айналысып отбасының бар қажеттілігін өтейді. Жолдасы тәртіп сақшысы болып қызмет жасайды. Күндердің бір күні Айдана намаз оқуға ниеттеніп, қайынағасына барып, намаз оқуды үйренеді. Алайда уақыт өте жолдасы ішілікке салынып, қыдырысы көбейіп, отбасының берекесі кетеді. Бұл жағдайдан әбден мезі болған Айдана намаз оқитын адамға ішуге, жаман әдеттер жасауға болмайтынын біліп, қайынағасына барып көмек сұрайды. Қайынағасы інісіне екі апта уақыт ішінде намаз оқытып, түзу жолға бастап жібереді. Айдана жолдасының жаман әдеттерден тыйылғанына қатты қуанады. Жолдасы уақыт өте біраз сауаттанып Айданаға хиджаб кию керектігін айтқан. Айдана бір жылға жуық қарсылық

танытқанымен, кейін ұсынысын қабылдап, хиджаб киген.

Екеуі де алғаш дінге бет бұрғанда бес уақыт намаз оқып, ораза ұстаумен ғана шектелген. Уақыт өте келе жолдасы діндар жамағаттармен араласа бастаған. Жамағатпен бірге Құран оқып, уағыздар айтып жиналатын. Ол уақытта қазақстандық кітаптар аз болғандықтан, араб және дағыстандық кітаптарды оқыған. Қазіргі уақытта тыйым салынған «Үш негіз» бен «Төрт қағида» кітаптарын да оқыған.

Жолдасы түрлі жамағатпен араласып, шеттен жинаған ілімімен өзін сауатты адамдардың қатарына жатқызып, 2004-2005 жылдары «жиһадқа» шығу керектігі туралы өз ойын айтып қалатын. Бірақ Айдана қарсылық танытқан. Кейін бұл тақырып туралы мүлде айтылмай кеткен. 2012 жылдан бастап жолдасы түнгі 4-5 шамасында үйге оралатын болған. Себебін сұрағанда «браттармен», «амирлармен» кездесетінін алға тартуды шығарған. Жолдасы ер адамдармен жүргендіктен, Айдана да аса мән бермеген. 2013



жылы жолдасы ноутбук сатып алып, таңнан кеш батқанға дейін әлеуметтік желіден бас көтермеуді әдетке айналдырған. Не қарайтынын сұраған Айданаға «аса маңызды нәрсе емес» деген жауаппен ғана шектеліп, еш нәрсені ашып айтпайды. Жолдасы ноутбуктің қызығына батып жатқан уақытта Айдана жеке кәсібін дамыту үшін күні-түні еңбек ететін.

2013 жылы Айдананың күйеуі, қайынағасы мен досы өздерінің қолданыстағы автокөліктерін сатып, қырғыз мемлекеті Бішкек қаласына жол тартқан. Сол кеткеннен бірнеше уақыт хабарсыз кетеді. Ал Айданаға, тіпті жаман ой да туындамаған. Бірнеше күн өткен соң жолдасы Түркия мемлекетінен хабарласып, Сирия өңіріне бару керектігін айтып, Айданаға Қазақстанда қалып екінші рет тұрмысқа шығуына рұқсат беремін деп, күтпеген жаналық айтады. Арала екі апта уақыт өткен соң жолдасы Айданаға қайта қоңырау шалып, «Сирияға барлығын халифат құру үшін отбасымен, бала-шағасымен келіп жатыр, сондықтан, сен де кел», — деген ұсыныс тастайды. Айдана әлеуметтік желілерден Сирия туралы бейнероликтерді, ойын баласы мен бақытты елде өмір сүріп жатқан



әртүрлі шақыртуларды көріп, өзі де елдендеп тұрған кез еді. Жолдасының шақыртуын қабыл алып ойланбастан, 6 баласымен Айдана да Сирия өңіріне кетуге бел буады. Осы сәтте Сирияға баруға 2 баласы қарсылық танытып бармай қалған. Айдана қалған 4 баласын алып, соғыс болып жатқан аймаққа аттанып кетеді. Соғыс аймағында тағы 1 баланы дүниеге әкеледі.

Ол жаққа барғанда бейнероликке түскен адамдарды бетпе-бет көргенде алданғанын енді ғана түсінеді. Үй тегін, жарық тегін, су тегін. Барлығы да балдай өмірді елестетіп келген адамдардың барлығы алданғанын барғанда ғана білген.

Он жастан он бес жасқа дейінгі балаларға Құран, ақида, араб тілі және жекпе-жек өнерін бастан-аяққа дейін, қалай өлтіру керек, қалай ату керек, қалай жару керектігін үйретеді. Айдана өзінің 10 жасар баласын бірнеше айлап көрмеген. Айдананың 10 жастағы баласы барлық қару-жаракты қолдануды, түрлерінің барлығын жақсы меңгерген. Осындай дайындықтар өткен бала 15 жасқа толған соң басшылары қай жаққа жиһадқа шығу керек десе, сол жаққа баруға міндеттісің деп саналарына сіңіреді.

Айдана Сирия өңіріндегі беретін діни ілімдер, идеологиялары мықты болғандығын айтты. Ол жаққа барғандардың көбісі Құраннан жалпы діннен хабары жоқ болғандықтан,

«дәріс бергендердің сөздеріне қарсылық танытпай, мынау Құраннан мынау сүннеттен алынған» деген ұстаздарының сөздеріне сенуден басқа амалдары жоқ.

Кейбір қазақстандықтар халифтың (*басшының*) берген тапсырмасын ғана орындап жүрміз. Біз оны шын мәнісінде, кім екендігін көргісі келетіндігін айтқаны және арабтардың кейбір үкімдеріне қарсылық танытқаны үшін 3 әйелді, 4 баланы барлығы 19 қазақстандықты тұрып жатқан үйлерінде жарып жіберген.

Сонымен қатар қарсылық танытпай өз еркімен келген асыраушысыз қалған әйелдерде тұрмысқа шығу өздерінің еркінде. Алайда бір әйелдің бірнеше рет тұрмысқа шығуға тұрмыстық жағдай, бала-шағасын асырау қиындықтар мәжбүрлейді.

Ал тұтқындағы әйелдерде ондай ерік болмаған. Оларды қалаған адамдарға сатқан, бір-біріне зат ретінде сыйлыққа берген.

Айдана Сирия өңірінен қашып шығу үшін бір баласы, келіні және немересі, яғни төртеуі жоспарлаған.

Ол кезде баласы 18 жаста. Тіпті баласы ол жерден кететіндігін айтқанда, әскерлер «хауаридж» және «таквир» деп бірнеше рет түрмеге де қамаған. Бейбіт тұрғындарға соғыс аймағынан шығу үшін ақылы. Ересектерге адам басына 7000, балаларға 3000-4000 доллар көлемінде ақша сұрайды. Ондай ақша ешкімнің де қалтасынан табылмайтыны белгілі.

Күндіз түні аспанда әуе зымырандары ұшып, барлығын жарып, жойып жатқанын көргенде Айдана тірі қалатынына сенімін жоғалта бастап еді. Ол жақтағы бейбіт тұрғындардың барлығы аман сау қалатындықтарын білмегендіктен, ұйқыға кетерде тілдерін қалымаға келтіретін. Осындай аласапыранның бір күні Айдана тұрып жатқан үйге бомба түсіп, он адам қайтыс болып, Айдананың немересі, тағы санаулы адамдар ғана тірі қалады. Осы жарылыстан Айдана үйінді астында қалып қолы сынып, бас сүйек-ми жаракатын алады.

Шарияттың тұнығын, әділдік пен рахат өмірді көксеріп барған мекенінде Айдананың 5 баласын, 1 немересін, жолдасы мен күйеубаласын жұлып алып, о дүниеге аттандырды.

Иә, бұндай зұлматты ешкімнің басына бермесін. Бір өкініштісі — арабқа тұрмысқа шыққан қазақ әйелдері мен жетім қалған балалардың әлі де сол жақта қалғаны жүрегіміз сыздатады, — дейді Айдана. Иә, елімізде Сириядан оралған қыз-келіншектерге, балаларға барынша қолдау көрсетіп жатыр. Әсіресе олардың ортаға бейімделіп, қоғамның бір бөлігі болуына психологиялық та, материалдық та қолдау көрсетілуде. Бүгінде осылай елімізге оралғандардың қоғамның толыққанды азаматы болуына барынша мүмкіндік берілді.

Jas qazaq: Экстремизм мен терроризмге қарсы күресті одан сайын жақсарту үшін не істеуіміз керек? Маман ретінде не айтасыз?

Н.Жетпісбай: Негізі, 2011 жылға дейінгі заң жобасының әлсіз тұстары көп болғандықтан, ел ішіне өзге ағым өкілдері жұмыстарын еркін жүргізген болатын. Шыны керек жат ағым өкілдеріне мүмкіндік беріп, өзіміз біраз уақытымызды сарп етіп алдық. Өйткені, тыйым салынған жат ағымдар емін-еркін насихатын жүргізіп үлгерді. Ал 2011 жылы «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы заңға өзгерістер енгізілді. Осы заң жобасының негізінде теріс діни ағымдарға заңмен тыйым салынды. Белгілі бір діни ұйымдарға тиесілі кітаптар еркін таратылмайтын болды. Бұл үлкен нәтиже деп айтсақ болады.

Сонымен қоса, осыдан бірнеше жыл бұрынғыны алып қарасақ, дінтанудан тарих пәнінің мұғалімі сабақ берді, ал қазіргі уақытта арнайы дінтану саласының мамандары дәріс жүргізеді. Бұл нәтиженің барлығы еліміздегі арнайы дін саласының мамандарын дайындайтын жоғары оқу орындарының болуынан.

Соңғы сұрағыңызға келетін болсақ, мектептерде арнайы қазақтың салт-дәстүрлерін, ұлттық құндылықтарымызды насихаттау жетілдірілсе, жөн болар еді. Себебі әрбір бала қазақы ұлттық тәрбиемен сусындап өссе, ата-бабамыз ұстанған дәстүрлі дара жолдан адаспас еді.

TIRSHILIK

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



5



Еріктілер жылы басталысымен жақсы іске жанашырлық танытып, қайырымдылық шараларымен айналысатындар көбейді. Олардың қатарында Алматыдағы Қазақ ұлттық аграрлық университетінде студенттерден құралған еріктілер тобы бар. Қоғамдық жұмысқа белсене араласып жүрген осы жастар туралы Студенттер кәсіподақ комитетінің төрағасы Әшірәлі Жүсіпұлы әңгімелеп берді.

БЕЛСЕНДІ ЖАСТАР КӨБЕЙДІ

Аталған оқу ордасында Еріктілер тобы 2017 жылдан бері жұмыс істейді. Биыл қатары олардың саны өсіп, қазір 1000-ға жуық студент қайырымдылық шараларына белсене араласуда. Олар бүгінгі күнге дейін Алматыдағы «Ардагерлер үйі», «Балалар үйі» секілді мекемелерге барып, түрлі шаралар ұйымдастырған. Қыста қала шетінде тұратын қарттардың ауласын тазалап, үй шаруасына көмектесуді дағдыға айналдырыпты. Соғыс ардагерлерінің үйіне де жиі барып, азын-аулақ азық-түлікпен қамтамасыз етеді екен.

Еріктілердің басын қосып, ұйымдастырып жүрген Әшірәлі Жүсіпұлы



белсенді жастардың алдағы жоспары туралы былай дейді: «Ерікті болу — жастардың әлеуметтік белсенділігін көрсететін, жауапкершілікке, отаншылдыққа, студенттерді бірін-бірі түсінуге және қолдауға тәрбиелейтін ауқымды қызмет түрі. Біздің мақсатымыз — жастардың күш-жігерін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға және қоғам пайдасына бағыттау. Басты жоспарымыз — оқу



ордасының 90 жылдығына үлкен шара ұйымдастыру. Алдағы уақытта қарттар үйі, балалар үйіне бару, кішігірім сый-сияпат көрсету ойымызда бар. Мұның барлығы үлкен жұмыс деп ойлаймын.

Осы айдың

басында университетте Еріктілер жылының ашылуы өтіп, арнайы жоспар жасалды. Біз жұмысымызды нақты іспен дәлелдегіміз келеді. Мысалы, еріктілер клубының мүшелері Алматы хайуанаттар бағына барып коқыс жинап, жануарларды азықтандыруға көмектесті. Бұл үшін мекеме басшылары алғыс айтты. Ал хайуанаттар бағынан билет алып балалар үйінің бұдліршіңдеріне сыйладық.

Биыл жоспар бойынша «Сабактастық», «Саулық», «Таза әлем», «Асыл мұра», «Қамқор», «Білім», «Үміт» деп аталатын 7 бағыт бойынша іс жоспарын бекіттік».

Енді орталықта білікті, тәжірибелі мамандарды тарту арқылы жастарды еріктілік қызмет бойынша оқытатын, бағыт-бағдар беретін арнайы штаб құрылмақшы. Онда жастар қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді



«Дана халқымыз «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген.

Қайырымдылық пен мейірімділік – қанымызға сіңген қасиет. Қазақта асар жасап, бір-біріне көмектесіп, қолдау көрсету дәстүрі бар. Оның волонтерлікпен үндесетіні сөзсіз. Сондықтан сол дәстүрді заманға сай қайта жаңғыртуымыз қажет».

(Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Президенті)

талдап, кімге қандай көмек керектігін анықтап, нақты шешім қабылдайды. Оқу ордасының белсенді жастары бұл бастамаларын еліміздің жоғары оқу орындарына жолдап, Еріктілер жылында игі істерді бірлесе атқаруға шақырды. «Еріктілер тобының белсенділеріне қандай да бір жеңілдік бар ма? Қоғамдық шараға белсене араласқандарға ұстаздар түсіністікпен қарай ма?», — деген сауалымызға Ә.Жүсіпұлы: «Еріктілер тобына студенттер өз қалауымен келеді. Жастардың әр іске белсене араласатыны берімізді қуантады. Біз ешкімді мәжбүрлемейміз. Студенттерге ұстаздар тарапынан да қолдау көрсетіледі. Белсенді студенттерге арнайы сыйақы беріледі. Студент



үшін бұл қомақты қаржы болмаса да керегіне жаратуға жеткілікті», — деп жауап берді.

Алып шаһар жастары арасында еріктілер қатары күннен-күнге көбейіп, қоғамдық шараларға белсене араласатыны қуантады. Әсіресе әр оқу ордасында еріктілер тобы құрылып, игі бастамалар қолға алынууда. Бұл қыз-жігіттердің ел игілігі үшін аянбайтынын көрсетеді. Біз де еріктілердің игі ісіне сүйсініп, алдағы шаруаларына сәттілік тілеп қайттық.

**Бетті дайындаған
Мақпал НОҒАЙБАЕВА**



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

BIRLIK

Ынтымақ

Еліміздегі тұрақтылық пен халық бірлігі, бейбіт өмір – мемлекет дамуының негізі. Қазақстан Халқы ассамблеяның құрылған кезінен бергі

уақытта қазақстандық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің моделі қалыптасып, әлемге танылды. Биыл олар ширек ғасырда жеткен жетістіктері мен атқарған шаруаларын қорытындылап, таразылауды мақсат етіп отыр. Бұл ұйым Жетісу жеріндегі өркенді істердің бастамашысы болды. Қоғамдық келісім мен ұлтаралық татулықтың тамырын тереңдетті. Әрине, оның қалыптасуы мен дамуында үлкен қажырлылық пен тынымсыз еңбек етіп жатқаны белгілі. Осы және өзге де сұрақтар төңірегінде Алматы облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит ТҰРСЫНБАЙДЫ сөзге тартып едік.

Жас qazaq: Жетісу өңірі былай қарағанда казактар жиі қоныстанған жер. Баска өңірлерге қарағанда бірінші болып Достық үйін салып, этнос өкілдерінің басын бір жерге қостық. Демек, өзге этностардың саны аз болған соң, ассамблеяның жұмысы да өте қарбалас емес шығар?

Ғ.Тұрсынбай: Жалпы, Казакстан Халқы ассамблеясы Алматы облыстық филиалының баска өңірлерге қарағанда өзіндік ерекшелігі бар. Себебі біздің аймақта 72 пайыздан астамы казак ұлтының өкілдері, ал қалғанын өзге ұлт пен ұлыс өкілдері құрайды. Былай қарағанда, бұл жерде көпұлттылықтын белгісі аса байқалмайды. Бірақ Жетісу жерінде бүгінде 105 ұлттың өкілі қоныстанып, ортақ мақсат, бір тұтас тілек, береке-бірлікпен қатар өмір сүріп жатыр. Олардың қалыптасу тарихы, қоныстану жағдайы, жергілікті казак ұлттымен бірге сінісіп тірлік етуінің өзіндік тарихи себептері бар. Айталық, аймағымыздағы

Жас qazaq: Көп жағдайда, біз этнос өкілдерінің тілі мен ділін, мәдениет мен өнерін, салты мен санасын сақтап қалу үшін мүмкіндіктер жасап жатырмыз. Мемлекеттің ен жоғарғы заң шығару органы саналатын Парламенттің қос палатасында бірнеше депутаттың орны да берілді. Есесіне, этнос өкілдері осы қамқорлықтың қарымтасын қайтарып жатыр ма?

Ғ.Тұрсынбай: Әрине, бұл сұрақ сіздің емес, біраз азаматтардың ойында жүретіні анық. Өйткені, Казакстан Халқы ассамблеясы — көп елде баламасы жоқ ұйым. Ассамблеяның ұлттар арасындағы ынтымақ пен татулықты сақтаудағы табысын көргеннен кейін біраз елдер бізден үлгі алып, ассамблея жұмысын кейіннен қолға ала бастады. Расында, біз этнос өкілдері үшін көп дүние жасадық. Десе де, оларда бұл қолдауды жанымен сезініп, еліміздегі барлық мәдени шаралармен қатар қиын күндер болғанда көмегінде аяп қалған жоқ. Бәрімізге

белгілі, осыдан 10 жыл бұрын Қызылағаш ауылында су апаты болғанда этнос өкілдері жұмыла көмектесті. Айталық, облыстық этномәдени орталығының төрағасы, Көксу ауданындағы «Страйтил» ЖШС директоры Александр Музикин Үкіметтің қаулысы шығып, қаржы бөлінуін күтіп отырмастан, құрылысшылардың сұрауы бойынша кірпіш жіберіп, өз кезегінде ауылдағы үйлердің тезірек салынып, бітуіне қолдау көрсетті. Сол ауылды тұрғызуға кеткен кірпіштің 50-60 пайызын «Страйтил» ЖШС қамдалы. Сонымен қатар облыстағы барлық этнос өкілдері жұмылып, Қызылағаш ауылындағы бұрынғы бос тұрған екі ғимаратты күрделі жөндеуден өткізіп, жастарға арналған спорт орталығын жабдықтап берді. Халыққа қызмет көрсету орталығы да этнос орталығының қайырымдылығы арқылы салынды. Сондай-ақ облыстық неміс этномәдени орталығы аймақтағы экологиялық мәселелермен айналысып, туризм саласының дамуына үлкен қолдау танытуда. Мысалы, олардың қаржысымен Қора шатқалындағы «Таубұлақ» демалыс аймағы ашылып, ол бір жағынан шетелден өңірімізге туристерді тарту жұмысымен айналысса, енді бір жағынан,

алмасып, курс, конференция өткізіп, игілікті жұмыс істеуде. Олар быыл корейлық және жергілікті мамандардың қатысуымен ауыл шаруашылық саласына арналған халықаралық конференция өткізуді жоспарлап отыр. Сондай-ақ Оңтүстік Кореяның «Frent Azia» атты құрылыс компаниясы соңғы үш жылда жалғыздікті, үйі өртеніп кеткен, жағдайы нашар отбасылардың 40-тан астам тұрғын үйін тегін күрделі жөндеуден өткізіп берді. Айта кетерлігі, бұл үйлердің барлық материалын Оңтүстік Кореядан әкеліп, құрылыс барысында Талдықорған политехникалық колледжінің студенттерін жұмысқа тартып, материалдарды қолдану тәсілі, құрылысты қалай салу туралы тәжірибесімен де бөлісіп келеді.

Әрине, осындай игілікті істердің әлі талайын тізіп беруге болады. Қысқасы, этномәдени орталықтардың өлкеге жасаған жақсылықтары да ескерусіз қалған жоқ. Еңбегінің өтеуі үшін мемлекеттік марапаттармен марапатталып жатқандары да жетерлік.

Жас qazaq: Қазір көптеген жерлесіміздің танымында ассамблея тек этнос өкілдерінің ғана жұмысымен айналысатын деген түсінік бар. Расында, солай ма? Әлде, баска да бағыты бар ма?

Ғ.Тұрсынбай: Ассамблеяның негізгі бағыты — халықтың ынтымағы мен бірлігін сақтай отырып, Тәуелсіздіктің баянды болып, мемлекеттің дамуына ықпал ету. Осы тұрғыдан көптеген адамдар сондай ойла болатыны анық. Алайда біздің баска да жұмыс бағыттарымыз көп. Айталық, қазір облыстық ассамблея жанында «Жетекші журналистер клубы» жұмыс істейді. Оған облыстық «Огни Алатау» газетінің бас редакторы Атсалим Идигов жетекшілік



етеді. Бұл клубқа аудандық газеттердің редакторлары және өңірдегі ассамблея жұмысы туралы жазып жүрген, жазуға ынталанып жүрген жас журналистер тартылған. Оларға бұқаралық акпарат құралдарымен қалай жұмыс жасау керектігі, материал дайындауда ескеретін жайттар, жана айдарлар ашудың жолдары сияқты түрлі бағытта тәжірибе үйретіледі. «Бал тамған тілден у да тамады» дегендей, ұлттар арасындағы ынтымақ пен бірлікке сына қағатын тақырыптарға дөп келгенде, оны жұртқа дұрыс қалпымен жеткізу үшін не істеу керектігі де үйретіледі. Осы бойынша апта ай сайын республикалық және облыстық баспасөздерді қадағалап, мониторинг жасап, қанша макала жазылып, бейнесюжет эфирге шығарылғанын біліп отырамыз.

Өткен жылғы жұмыстың нәтижесі бойынша Панфилов ауданындағы «Жаркент өңірі» газеті бірінші орын алды. Себебі бұл ауданда 40-қа жуық этнос өкілі тұрады. Газет казак, орыс, ұйғыр тілдерінде шығады. Олар мейлі қай тілде жазса да, мақалалардың мазмұны, ойы, түйіні береке-бірлікті сақтау, ынтымақты бекемдеу, өзара құрмет ету бағытынан ауытқыған жоқ. Сондай-ақ былтыр журналистер арасында өтетін

«Шанырақ» атты республикалық байқауда «Қазақстан» телеарнасының тілшісі Қуаныш Қанатұлы облыстық ассамблеяның жұмысы туралы түсірген материалдары үшін бас жүлдені жеңіп алды. «Жетісу» телеарнасынан Ардақ Қисаев, облыстық «Огни Алатау» газетінен Хасан Еспановтар да жүлдегер атанды. Кейінгі жылдары облыстық «Жетісу» телеарнасымен бірлесіп, «Единий народ» деп аталатын арнайы телебағдарлама ашып, орыстілді

этнос өкілдеріне мемлекеттік саясатты, ұлтаралық келісім туралы атқарылатын жұмыстарды түсіндіріп отырамыз.

Жас qazaq: Сіздерде ғылыми-сараптамалық жұмыстар жүргізіліп тұрады деп естіп едік...

Ғ.Тұрсынбай: Қазіргі заманда атқарылған жұмысты, алдағы уақытта қолға алатын жоспарларды ғылыми түрде сараптап отыру керек. Өйткені, әр шаруаның түпкі себебін толық білмей, оның келешегіне болжам жасауға келмейді. Кездескен мәселеге нақты шешім қабылдау да қиын. Осыған орай, Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің базасында Қазақстан Халқы ассамблеясының кафедрасы қоғамдық негізде жұмыс істейді. Ғылыми-сараптамалық топтың төрағасы — университет ректоры Қуат Баймырзаев. Өткен жылдары біраз жобаны

жүзеге асырдық. Мысалы, «Рухы бекем, киелі мекен Жетісу» атты экспедиция ұйымдастырып, Алакөлден Алатауға дейінгі аймақты аралап, республикалық, облыстық маңызы бар тарихи, киелі жерлерді анықтап, көркемсуретті жинақ шығардық. Сондай-ақ этносаралық қатынасты дамыту үшін әр тоқсан сайын, әр өңірде әлеуметтік сауалнама жүргізіп отырамыз. Сауалнама негізінде қай өңірде қандай жұмыс жүргізу керектігін пайымдап, жергілікті атқарушы органдарға ұсыныспен шығып, атқарылуын қадағалап отырамыз. Халқымызда: «Тәрбие — тал бесіктен» деген нақыл бар. Тәрбиенің түп-төркіні ананың ақ сүтінен басталатыны анық. Осыған орай, аналармен жұмыс маңызды орынға қойылған. Қазір аудан, қала, ауылдық округтерде төрт жүзден астам аналар кеңесі ассамблея жанында жұмыс істейді. Біз сол аналар арқылы береке-бірлікті, ынтымақты сақтау мәселесін, мемлекеттік тілді үйрету жолдарын насихаттап отырамыз. «Ана бітімгер» жобасы арқылы отбасы құндылығын сақтауды қолға алдық.

Отбасы құндылығын сақтауда тынымсыз еңбектеніп жүрген Сарқан ауданындағы Гүлшаруан Калиева деген апамыздың игілікті ісін таратып айта кетуге болады. Ардагер ұстаз «Ана бітімгер жобасы» асында көптеген жас отбасыны ажырасудан сақтап, берекелі өмір сүруге жол көрсетті. Қазір жергілікті АХАЖ бөлімі ажырасуға арыз жазғалы келгендерді бірінші сол кісіге жібереді. Ол кісі олармен кездесіп, әңгімелесіп, себебін анықтап, ақыл-кеңесін айтып, татуластырады. Бүгінге дейін төрт жүзге жуық бала сол кісінің арқасында тірі жетімдіктен құтылды. Біз бұны баска аудандарда үлгі ретінде қолдануға көшіт. Талдықорғандағы Салтанат сарайының директоры Наталия Хаменконы да облыстық ассамблеяның мүшелігін қабылдап, жастар үйленген кезде неке куәлігін беріп қана қоймай, ардақты аналарды шақырып, ақыл-кеңесін айтып, бағыт-бағдар беріп тұруды тапсырдық.

Жас qazaq: Облыстық ассамблея жанынан құрылған қоғамдық келісім кеңесінің жұмысы туралы айтып өтсеңіз?

Ғ.Тұрсынбай: Қоғамдық келісім кеңесі облыстық ассамблея жанына құрылып, жұмыс істегелі біраз жыл болды. Оны Мәжілістің бұрынғы депутаты, еңбек ардагері Оралбек Жақиянов ағамыз басқарады. Бұл кеңестің жұмысына аймақтағы кез келген елді мекеннің күнделікті санитарлық тазалығынан бастап, қоғамдағы өзекті мәселелерін қадағалап отырады. Кеңес Елбасының тікелей тапсырмасымен құрылған. Алғаш облыста үшжақты келісім бойынша жергілікті атқарушы билік, қоғамдық ұйымдар, жергілікті полиция бөлімшесі негізінде, қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатында құрылды. Жастар арасындағы қылмыстың алдын алу, ел арасындағы түсініспеушілікті жою мақсатында жұмыс бастап, кейін еліміз бойынша таралып, барлық өңірде қоғамдық келісім кеңесі құрылды. Қазір бұл кеңес «Рухани жаңғыру» бағдарламасының бір тармағы «Туған жер» бағдарламасы аясында жұмыс атқарылууда. Осы кеңес құрылғалы бері мынның үстіндегі келенсіз жағдайларды талқылап, шешім шығарды.

Жас qazaq: Сіздер қолға алған «Қазақтану» жобасы бойынша атқарған жұмыстарға да тандана қарайтындар бар сияқты. Себебі неде?

Ғ.Тұрсынбай: «Қазақтану» жобасын алғаш бастаған кезімізде түрлі пікір айтқандар болды. «Қазақстанда, әсіресе қазағы мол Жетісу жерінде тұрып «Қазақтану» мәселесі не үшін керек?» деген сұрақ та қойылды. Расында, отарлық саясаттың кесірінен, кандастарымыздың қуғын-сүргіннің салдарынан жан-жаққа тарыдай шашылып тарап кетуі себепті көптеген ұлттық құндылығымыздан айырылып қалдық. Соны танып-біліп, асылдарын қайта қалпына келтіру үшін «Қазақтану» жобасын қолға алдық. Осы арқылы халқымыздың ұмыт болып бара жатқан салт-дәстүр, ғұрып-әдетін қайта қалпына келтіру үшін еңбектенудеміз.

Бұл бағытта өткен жылы «Қымызмұрындық» деп аталатын шараны басталдық. Ұлттық тағамдарымызды, оны жасау үшін істетілетін тұлып, саба, көнек, саптаяқ, тағы да баска құрал-жабдықтарды, тұрмыстық бұйымдарды насихаттауға мүмкіндік туды. Сондай-ақ өткен жылы «Сірге мөлдіретер» шарасын бірінші рет өткіздік. Мұны бір жерлерде «Сірге жияр», тағы да басқаша атайды екен. Біз «Сірге мөлдіретер» дегенді жөн деп таптық. Сонда бір байқағанымыз, казак халқының өзінің өткен бабаларының өміріне деген ынтызарлығының тереңдігі. Осы барыста «Үздік келін», «Үздік ене», тағы да номинациялар бойынша жүлдегерлерді анықтап, жұртты шабыттандырдық. Бұл алдағы уақытта да жалғасады.

Жас qazaq: Биылғы жыл мерекеге толы. Сіздер қандай дайындық жасап жатырсыздар?

Ғ.Тұрсынбай: 1 наурыз — Қазақстан Халқы ассамблеясының құрылған күні. Сонымен қатар бұл күн Алғыс айту күні ретінде де атап өтіледі. Осыған орай, біз атаулы күндерді атап өту мақсатында облыстағы колледждерде «Парасат күні» атты тәрбиелік сағатты ұйымдастырууды жөн көрдік. Сондай-ақ шығармалар, сурет байқауын, пікірталас, тағы да баска көп жоспар бар. Өз кезінде ол туралы баспасөздерге акпарат береміз. Түптеп келгенде, елге, жерге, халыққа, бір-бірімізге деген құрмет сезімді қалыптастыруға күш саламыз. Тарихи тұлғаларға байланысты да өңірдегі этномәдени орталықтарына Әл Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы», Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген тақырыпта кездесу, семинар ұйымдастыру жоспарда бар.

Жуырда облыстық «Нұр Отан» партиясы филиалымен бірлесіп, «Ортақ Абай» атты өзге этнос жастарының арасында Абай шығармаларын насихаттау мақсатында байқау өтті. Қалған жоспардағы шараларда рет-ретімен өткізіле береді.

— Сұхбатыңызға рахмет.



өзіндік келу тарихы осылай. Казак жеріндегі этнос өкілдерінің мәдениетін, салт-дәстүрін, ғұрып-әдетін сақтап қалу мақсатында 1990 жылдардың өзінде этномәдени орталықтар, бірлестіктер құрыла бастады. Еліміз Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары жағдайдың күрделі болғаны белгілі. Сол тұста кейбір адамдар: «Қазақстандағы көп ұлт бөлшектеніп, алды-алдына ел болып, келешегі болмайды» деген сияқты сәуегей ойлар айтып, шетел басылымдары мақала жариялап жатты. Алайда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев әр ұлтты белгілі бір қоғамдық институттың құрамына жинақтауды қолға алып, Қазақстан Халқы ассамблеясын өмірге әкелді. Сонымен 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан Халқы ассамблеясы құрылып, содан бергі 25 жылда жүрісінен жанылмай, бағытынан адаспай, баянды дамудың тірегіне айналды.

жастарды табиғатты аялау, қоршаған ортаны қорғау, табиғат аясында көңілді демалуды насихаттайтын түрлі шаралар ұйымдастырып, семинар, тренингтер өткізіп келеді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Балқаш көлінің манындағы сексеуілдер оталып, жойылудың аз-ақ алдында қалған жүз гектар аумаққа сексеуіл егуді қолға алды. Қазір сол сексеуіл толық өсіп, бүлінген табиғат қайта қалпына келді.

Корей этномәдени орталығы «Тарихи Отанмен байланыс» жобасы аясында Оңтүстік Кореяның Хундие медициналық орталығымен бірлесе отырып, кейінгі үш жылда елімізде тегін емдеуді ұйымдастырып келеді. Кореяның мықты дәрігерлері осы жерге келіп сырқаттарды қабылдап, медициналық кеңес берумен қатар, жергілікті дәрігерлермен тәжірибе

Сұхбаттасқан Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша меншікті тілшіі

Естелік Әлқисса, адам ғұмыры мәңгілік кешу пайымымен парықтағанда жарқ еткен жасынмен барабар-ды. Көп өмірді «бір нәрсеге жетік болмай өкінішпен өткізбектің» қысқалау ұшы пенденің өзіне тиіп жатса да, шектеулі тірліктің пешенеге жазылып, құбылмалы тағдыр қалауынша пішетін шидем шекпені қаймана жұрт түгілі аузымен құс тістеген небір дүлдүлдің өзінің де көп ретте құлашын көңге серметпейтіні, адымын аштырмайтыны ақиқат қой... Мұндайда кісінің кісілігі «тәңір иіп, балақтан төбеге көтерілген» білімсіз, біліксіз, жаманшылық жасауға бейім имансыз, тойымсыз тобырдың төңірегіндегілерді ықтыруынан емес, «жеке батырлардың» түсі суық, бітімсіз болмыспен екеуара жекпе-жектерде мәртебесі басым болып, «майданға түсіп бәйге алғанынан» байқалады.

Осы азды-көпті тірлігімізде ұлылы-кішілі, жақсылы-жайсанды талай тарланбозды көз алдымыздан өткердік. Ойдың елегіне, сезімнің сүзгісіне сала келе, көбісі біртуар тұлғалар төңірегінен табылатын сол сайыпқырандардың қомақты шоғыры безбеннің бір басын басса, ал тәрбие-тәлімін беріп, ұлылардың ұлағатын санамызға



ҰЛЫЛАР ЕРТЕ ЕСЕЙТКЕН ҰСТАЗ

сіңірген ұстадарымыздың үркердей көші келесі басын теңестіретінін көрдім. Алыстағы ауылдан ию-июы мол қалаға алғаш рет шығып, үлкен өмірге тырнакалды, тұңғыш қадамын аттаған сарыауыз балапан мына біздерге әкеміздей, анамыздай болған Тауман Амандосовтың, Темірбек Қожакеевтің, Әбілфайыз Ыдырысовтың, Қабижан Құсайыновтың, Тұрымтай Дүйсебаеваның риясыз камқорлығы, адами ақыл-кенесі жадтан өше ме?! Осынау камкөңіл, абзал ағалар мен апалар сапына «мен саған өмір есігін ашып тұрмын» деп бауырына тартып, сенім артқан Михаил Есенәлиевті де енгізер едім.

...Жиырмасыншы ғасыр бүкіл адамзат баласына ұлы сын ұсынып, кеудесіне нан піскен талай жұртты тәубесіне келтірді, жер басып жүрген пенденің еңбегі мен өнбегін, адамшылығы мен аярлығын, сөзі мен ісін тарих таразысына тартқан, «жүзіктің көзінен өткізген» парасат майданына айналды. Таразыға, сондай-ақ аршынмен өлшеп, қадаққа салуға келмейтін тектілік пен тереңдік сынды кәдір-қасиеттің түскені алмағайып заманның шыны мен сырының бір белгісіндей болса керек. Бұл тұста тілімізге тиек етіліп отырған ұстадарымыз алдынан тағдыр адамзат атаулының қара нары ғана төтеп бере алатын, ердің ері ғана көтере алатын зілмауыр адами, рухани, тәни сынағын тосты. Отарлық биліктің халқымызды қолдан жасалған ашаршылыққа ұшыратуы, ұлт зиялыларын аяусыз қырып-жоюы қанды қасап екінші дүниежүзілік соғысқа ұласып, қазыға селеудей селдіреген қасиетті Арқа даласын тоғышар келімсектердің тағалы етігімен таптауы, әсіресе сол кезгі саналы жас буынның жауапкершілік жүгін еселегені ақиқат. Осы буынның мандайалды өкілдерінің бірі – ұстазымыз Әбілфайыз Ыдырысовтың бойындағы мейірім шуағын, парасат пен пайымды, жанашырлықты ел мен жер, ұрпақ алдындағы перзенттік парыз-боршышын терең сезінуімен түсіндіруге болар.

Ұстаз хақында оның жанына жақын шәкіртінен артық кім айта алын?! Белгілі жазушы, егемен еліміздің баста ісінің қаз тұруына көп еңбек сіңірген Серік Әбдірайымов «үлкен жүректі ұстазым Әбаған жиырмасыншы ғасырдың елуінші жылдары қазақ әдебиеті мен журналистикасына қосылған Кәкімжан Қазыбаев, Сапар Байжанов, Баянжан Мәдиев, Ұзақ Бағаев, Сматбек Төрбеков, Қайыркен Сағындыков, Мұқан Мамажанов, Бекежан Тілегенов, Тельман Жанұзақов, Бекмырза Баймаханов, Хайдолла Тілемісов, Шерхан Мұртаза, Сейдахмет Бердіқұлов, Әбілмәжін Жұмабаев, Шерияздан Елеуенов, Темірбек Қожакеев, Камал Смайылов және басқа жана, жас толқын өкілдерімен

біте кайнасып, журналистиканың ыстық-суығын бірге көріп, ауыртыпалығын бірге көтерді» деп жазды.

Секеннің ұстазына берген сипаттамалары оның бүкіл бітім-болмысын айқындап тұрғандай. «Әбаған қасиетті қара шаңырақ осы күнгі Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистикасын тәмамдаған алғашқы түлектердің бірі. Шу дегеннен қоғам өміріне білек сыбана араласты. Адам тағдырына жанашыр болды. Болашақ ұрпақ тәрбиесі үшін күресті». «Әбаған—ғалым, іргесі бекімей, қабырғасы қаланбай, уығы шаншылмай, шаңырағы көтерілмей жатқан журналистика ғылымы бар дегенді іспен дәлелдеп, соның тарихына тұңғыш терендеп барған және осы салада талай бұлақтың көзін ашып, ғылым жолына салған ұстаз». «Әбаған газет-журналда қызмет істеп шындалған журналист, алпысыншы жылдарда

байрағын көтерген ұлы қаламгердің лебізі балаң студентті кеңестік насихаттың қулығына құрық бойламайтын қалтарысы мол жықпылынан ақиқаттың ашық айдынына жетелеген. Болашақ журналистің «неге екенін білмеймін, менде барған сайын ұлтжандылық сезім күшейді. Сәкен, Бейімбет, Ілияс шығармаларын тауып оқимын деп жүріп, ертеде шыққан газет-журналдар тігінділері беттерінен оқып-білген жайлар андағайлап алдыманн шығып, сонда есімдерін білген, кейбірінің жеке макала, материалдарын шолып танысқан Әлихан, Ахмет, Міржақып, Смағұл қасыма келіп, істеп жүрген қызметімді бағалап тұрғандай болады», — дегеніне қалтқысыз сенесін. Жас Әбілфайыз әсіресе Алаш көсемдерінің бірі – Смағұл Сәдуақасовтың батыл пікірлеріне ден қойған. «Қазақстанда «Кіші Қазан төңкерісін» жасау ұранымен қазақ халқын жаппай қырылуға душар еткен Голошкиннің «Өлкені жаппай өнеркәсіп орнына айналдырайық! Фабрика, зауыттар, қалалар салайық!» — деген ұранының астарын ашқан Смағұлдың «бұлай жасау, ескі Ресей сияқты Қазақстанды отар елге айналдыру болады», — деп

жеке-дара қарсы шыққанын қаһармандыққа балаған. «Таңиолпан» романынан келтіріліп отырған осы бір деректің өз өміріме қатысты тұсына тоқтала кетсем деймін. Бұл үзінді де Смағұл Сәдуақасовтың «Большевик» журналының 1928 жылғы №1 санында жарық көрген, кеңес үкіметінің Қазақстандағы саясатына өткір сын айтылатын «О национальностях и националах» атты мақаласы сөз



болып отыр. Алыста қалған 1970 жылдардың соңына таман Мәскеу университетінде оқып жүрген маған бұл макала туралы араб тілінен берген қарт ұстазым, ұлты ингуш Нуритдин Габиртович Ахриев онашада айтып берген-ді. Жасының ұялғанына қарамай басылымның шыққан жылы мен санын жадында сақтағанына, Смағұлдың «Люди с времем Адама и Евы чинили себе обувь и лопату, но никто не называл это промышленностью, тем более тяжелой индустрией» деп жазғанын тамсана отырып жатқа айтқанына, оған қарсы осетин Коста Таболовтың сұрқай жауабы басылғанын жадында сақтағанына қайран қалғанмын. Кітапханала журналды алдырып, парактағанымда, ұстазымның макаланың сөзбе-сөз қайталағанына көз жеткізім. Санжар Асфендияров ректор болған Шығыс тілдері институтында оқыған Нуритдин ақсақал 30-жылдары егде тартқан Әлихан Бөкейхановты ылғи Ленин кітапханасынан кездестіретінін өзге студенттер аудиторияда болмаған кездері айтып берген-ді.

Ұлылардың есімдерін атауға қатан тыйым салынған зұлмат заманда жас Әбілфайыздың таным көкжиегін кеңейткен тағы бір ұлы ұстазы профессор Бейсенбай Кенжебаев-тын. «Бейсенбай аға!» атты мақаласында мынадай бір эпизод бар. Бірде ұстаз шәкіртіне

«Е, Торғай елінен екенсің ғой. Ол қасиетті жер ғой, ұлылар, батырлар... Ыбырай Алтынсарин, одан басқа да қазақтың әйгілі ардагерлері шыққан... Сен Ахан мен Жакан асылдарымыздың туысқаны болдың ғой... Мен өздеріне айтып жүрген Жұмабай, Есенжол, Сейдахмет, Құбаша, Әбікай, Күлері деген ақындар Ахметке ұстаз болған. Ахмет -ұлттымыздың ұстазы... Ол кісілер жайлы енді ешкімге тіс жарма. Заман бүйітпй кете бермес, ол арыстар ақталар күн де туар бір кезде» деп қаймана қазаққа аша бермейтін сырын жайып салады. Ұлы ұстаз Бейсенбай Кенжебаев тілге тиек еткен ақындар ел-жұртымен араға ғасырға жуық уақыт салып барып қана қауышты. Олардың шығармашылығы өміршендігімен ерекшеленеді.

Ғалым Әбілфайыз Ыдырысов ұлы ұстаздарының ағартушылық дәстүріне адал болды. Ол газет безендіру, баспа ісі технологиясы сияқты қиын да қызықты саланы тұңғыш рет қазақша сөйлетіп, ғылыми мектептің негізін қалады. «Лениншіл жас», «Қазақстан пионері» газеттерінің жауапты хатшысы, редакторы болған ғалым-ұстаздың әр жылдары басылып шыққан «Газетті безендіру сыры», «Фототерім», «Полиграфия өндірісі негіздері», «Редактор мен корректорға көмекші құрал» сияқты оқулықтары мен оқу құралдары күні бүгінге дейін сұранысқа ие. «Редактор мен корректорға көмекші құрал» оқулығын байырғы баспагер Әбдірашид Бектемісов екеуі жазып шықты.

Бұдан он жыл бұрын «Өнегелі өмір» сериясымен «Әбілфайыз Ыдырысов» жинағы жарық көрген болатын. Бұл кітаптан осы жолдар авторының «Алтынның сынығы немесе ұстаз туралы ой» деген мақаласы да орын алған-ды. Серік Әбірайымов ағамыздың ойымен ұштасып жатқан пікірлерімнің кей дерегін түзей отырып, келтіре кеткенді жөн санадым: «Еліміздің рухани, әлеуметтік-мәдени өміріне белсене атсалысып жүрген бүгінгі ақпарат майданы қайраткерлерінің барлығы дерлік Әбілфайыз ағайдың тәрбиесін көрген десем, ақиқаттан онша алыс кете қоймастып. Солардың өзін жақсы білетін бірешешуіне тоқтала кеткенді жөн көріп отырмын. Ағайдың үздік шәкірттері атанып, макеттің «майын ішкен» Ертаяй Айғалиұлы мен Сапарбай Парманқұлов белді

басылымдардың тізгінін ұстады. Ұстазымыздың арнайы дерістерінде ізденушілік баспалдақтарынан өткен Рахима Нуриден мен Роза Алтынбекова шетелдік журналистика және жанр теориясы бойынша филология ғылымынан кандидаттық диссертация қорғап, доцент, профессор атанды, кафедра менгерушісі болды. Ал ағамыз қоғамдық жұмыстарға «жеккен» Жүнісбек Сұлтанмұратов пен Оразалы Смағанбетов Президент аппаратында жоғары лауазымды мемлекеттік қызмет атқарды». Бүгінде баспагерлер Балжан Хабдина мен Баян Болатханова, тележурналист Қалыбек Атжан, газетшілер Зейнолла Абажан, Шолпан Ұзыбаева, Бегділ Сәдібеков мен Суханберді Оразалиев, қоғаммен байланыс қызметкері Света Қайырғалиева әлі де тұғырдан түскен жоқ.

«Ұстазы жақсының — ұстанымы жақсы». Ыдырысов — ұстаздың алдын көріп, ұлағатын ұққан біздер бойымыздағы жақсылық, жетістік атаулыны ұлы ұрпақ шоғырындағы осынау біртуар тұлғаның ағарту өнегесімен ұштастырамыз. Тынымсыз кешуде оның тәлімі мен тәрбиесін ілгері ұластырудамыз.

Жетпісбай БЕКБОЛАТҰЛЫ,

Әл Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, Қазақстан білім беру ісінің құрметті қызметкері

Ойсалар

Жақында екі жігіт – бүгінгінің тілімен айтқанда, вайнерлер

Алматыдағы мектеп-интернаттың біріне барып, LIFF KZ көрермендерімен тікелей байланысқа шықты. Олардың мақсаты – жоғары сынып оқушыларынан таяқ жеген баланы көзбен көру, ұстаздармен сөйлесу болған. Бірақ интернаттан шыққан шудың қалай болғанын түсіндіру орнына, оларға директор бастаған топтың дүрсе қоя бергені ыңғайсыз болды. Тәртіп сақшыларын шақырып, ақырында кінәні таяқ жеген оқушының өзіне жапсырып тынды. Балаға «Мектептен кету үшін осындай өтірік әрекет жасады» деген айып тақты. Мейлі, бұл жайды жылы жауып қоялық. Бірақ ұстаздар, оның ішінде мектеп директорының блогерлерді қалта телефонына түсіріп, өріптестерімен бірге аласұрып жүргені ерсілеу көрінді. Ол жерде бас жарылып, қол сына қойған жоқ. Сондықтан директор келген азаматтармен болған жағдайды бірге талқылап, мәселені дұрыс түсіндірсе, жағдай басқаша өрбитін еді.



Тағы бір мысал: Жамбыл облысының Қордай ауданында болған оқиғадан соң қамшының бір ұшы мектепке де тиді. Өткен аптада облыс әкімі Бердібек Сапарбаев білім беру саласы қызметкерлерімен кездесуде өңірдегі 40 мың педагогтың алдындағы басты үш міндетті — білім, тәрбие және тәртіпті атап өтті. Дегенмен, осы үш міндетті орындауда кемшілік бар. Әсіресе мектептерді өз жекеменшігі секілді көретін, өзін сол жердің патшасындай сезінетін кейбір директорларды қатаң сынады. Аймақ басшысы: «Оқу орындарының кейбір басшылары «менің мектебім», «менің ұстадарым», «менің шәкірттерім» деген сияқты тіркесті қолданып, өздерін ұйымдастырушы емес, меншік иесі секілді сезінеді. Мектеп — мемлекеттік, ал директор — ауысып отыратын басқарушы тұлға екенін байқамай қалады.

Жұмысқа орналастырғаны үшін директор мұғалімнен ақша алса, одан сапалы жұмысты қалай талап етеді? Ал мұғалім өз шығынын ата-аналар арқылы қайтара бастайды, сыйбйлас жемқорлық тізбегі осылай жалғаса береді. Ата-аналар комитеті іс жүзінде жұмыс істемейді, педагогтар инертті ұстанымға ие. Бала тәртіп бұзған жағдайда ата-аналарға шағымдана алмайды», — деді.

Шу шыққан Масаншы ауылындағы мектептерде он жыл бойы бірде-бір оқушы «Алтын белгі» немесе «Үздік аттестат» алмаған. Тек бір ғана түлек жоғары оқу орнына түсуге грант алған. Осы секілді кемшілік өзге өңірлерден де қылаң берері анық. Мұндай жерлерде ұстаз шеберлігіне, адалдығына, бала тәрбиесіне деген көзқарасына күдікпен қарауға тура келеді.

Иә, бұрындары ұстазdan қорқушы едік. Бұл шын мәнінде қорыққандық та емес, сол кісілерді сыйлау еді. Қазір бәрі басқаша ренк алды. Өкінішке қарай, өмір жолы әрдайым біз ойлағандай бола бермейді екен. Әрбір жағымсыз жайт мамандардың беделі бір табан болса да төмендегенін айғақтайды. Өттеген-ай...

Жолдасбек ДУАНАБАЙ

ДИРЕКТОР НЕГЕ ҮЛГІ КӨРСЕТПЕЙДІ?

КӨКЖИЕК



Сочи әуежайы. Бірінен соң бірі қонып жатқан әуе кемесі. Толассыз ағылған жолаушы нөпірі. Көбінің беталысы Қара теңіз жағасындағы жайлы да жылы қала емес. Бұл маңнан 50 шақырым жердегі шаңғы тебу орталықтары. Туристік фирмалардың өкілдері оларды жергілікті таксишіге «бұйырпай», топ-тобымен сырттағы автобусқа қарай әкетіп жатыр. Үстіміздегі күртешедегі жазуды оқыса керек, бір жігіт келіп, өзінің Алматыдан екенін, жер-жердегі әріптестері – әуе диспетчерлерімен келгенін айтты. Біз ұйымдастырушылардың бірі ретінде Халықаралық шаңғышы-журналистер клубының (SCIJ) 67-ші кездесуіне келген қонақтарды қарсы алуға барғанбыз.

Бір кезде қонып жатқан әуе кемесі. Толассыз ағылған жолаушы нөпірі. Көбінің беталысы Қара теңіз жағасындағы жайлы да жылы қала емес. Бұл маңнан 50 шақырым жердегі шаңғы тебу орталықтары. Туристік фирмалардың өкілдері оларды жергілікті таксишіге «бұйырпай», топ-тобымен сырттағы автобусқа қарай әкетіп жатыр. Үстіміздегі күртешедегі жазуды оқыса керек, бір жігіт келіп, өзінің Алматыдан екенін, жер-жердегі әріптестері – әуе диспетчерлерімен келгенін айтты. Біз ұйымдастырушылардың бірі ретінде Халықаралық шаңғышы-журналистер клубының (SCIJ) 67-ші кездесуіне келген қонақтарды қарсы алуға барғанбыз.

Әлем журналистері күндіз шаңғы теуіп,

өзара сайысқа түскен, кешқұрым бас қосып, түрлі тақырыптар төңірегінде мәслихат құрған мекенді «Роза Хутор» деп атайды. Күні кеше Қап тауының қалтарысында жатқан елеусіз мүйіз-туғын. Курортты басқаратын компанияның өкілі Аркадий Марковтың айтуынша, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында бұл жерде Балтық өңірінен көшіп келген Адул Рооз есімді эстон мекен еткен. Оның тұрағын жұрт «Рооз хуторы» деп атаған. Кейінірек «Роза Хутор» болып кетіпті. Шаңғы тебетін орынға шындап айналуы 2003-тен бері. Ал тұңғыш

Тереса Линас



халықаралық жарыс 2011 жылы өткізілді. Қазір Ресейдегі әйлік шаңғы курорты. 2014 жылы Сочи қысқы Олимпиадасында қысқы спорт түрлері бойынша жарыстардың елеулі бөлігі осында өтті. Дүбірлі додadan кейін өз аумағын ұлғайтып, шаңғы тебу жолдарының ұзындығын 102 шақырымға жеткізді.

Салыстыру үшін айта кетейік. Біздің Шымбұлақта бұл көрсеткіш әлі 25 шақырымнан аспай тұр.

жұмыс күндерінің өзінде Шымбұлаққа қарай ағылған жұртта есеп жоқ. Жуырда сырғанауға келген бір әйел кісімен кабинада тілдесіп қалдық. Жұма күні үлгеру үшін Жапониядан арнайы ұшып келіпті. «Соның өзінде келушілер көп екен. Мұнда бос жатқан шатқалдар көп қой. Еуропада мұны пайдаланар еді. Неге басқасын (шаңғы орталығын) салмайды?» – дейді әлті кісі сұраулы жүзбен. Әңгімеге жастар араласты. Шетте отырған біреуі «Басында Көкжайлауға мен де қарсы болғанмын. Қазір қарап тұрсам, соным дұрыс емес екен. Көкжайлауды салу керек. Шымбұлақ екеуін қосса, сырғанау жер анағұрлым көбейер еді» деді. Көпшіліктің көкейіндегі бұл тілек билік басындағыларға жетсе, қанеки! Біз («SCIJ Қазақстан» командасының мүшелері) өз тарапымыздан Көкжайлау сияқты жобалар еске асса, қысқы туризмнің дамитынын айттық. Соңиде көрген-түйгенімді ортаға салдық.

Әрине, Сочи сияқты жерге тау шатқалын шаңғы тебуге лайықтау, техникалық тұрғыдан күрделі аспалы жол салу, заманауи инфрақұрылыммен қамтамасыз ету үшін қыруар қаржы қажет. Осы санадағы әлемдік озық тәжірибеге жүгіну керек. Демешуі де табылды. Құрал-жабдығымен мамандар да келді. Сөйтіп, аз уақыттың ішінде қазіргі заманғы талапқа жауап беретін алып спорт кешені салынды. Қонақ үй, сауда-саттық пен тамақтандыру орындары бой көтерді. Туризм кластері өркендеп, жергілікті тұрғындар үшін жаңа жұмыс орындары ашылды. Елдің түкпір-түкпірінен шаңғы мамандары мен нұсқаушылар келді. Бізден барып, сол жердегі шаңғы мектебінде сырғанаудың қыр-сырын үйретіп жүрген мамандар да баршылық.

Айта кеткен жөн, SCIJ Meeting 1977 жылы Бакурианиде (Грузия) өткен басқосуды есепке алмасак, Ресейде тұңғыш рет өтіп отыр. Айта кеткен жөн, «Роза Хутор» мен «Шымбұлақ» арасында тығыз іскерлік байланыс орнаған. Еуропа, Солтүстік және Оңтүстік Америкадан келген журналистер терістік көршіміздегі туризм әлеуеті туралы жан-жақты мағлұмат алды. Елдің мәдениетін, тарихын, салт-дәстүрін танытатын әртүрлі бағдарлама дайындалды. Ақпарат құралдарының өкілдеріне Сочи Олимпиадасына арнап салынған спорт нысандарының бүгінде қалай жұмыс істеп жатқанын көрсетті.





«Роза Хуторға» келіп жатқан шетелдіктер арасында яһуди мемлекетінің өкілдері көп. Тель-Авивтен тікелей әуе сапары да бар. Біз Мәскеу арқылы бардық. Қара теңіз жағасына Air Astana және ресейлік Nord Star компанияларының ұшағымен жеткенімізді ризашылымызды білдіре отырып айтқымыз келеді. Кез келген турист мінсіз қызметті бағалайды. Осы тұрғыдан алғанда, ұшағы әлемнің көптеген қалаларына тікелей қатынайтын отандық әуе компаниясының туризмді дамытуға қарымы да әлеуеті мол-ақ. Ұлттық «Қазақтуризм» компаниясының тізгінін білікті менеджер, Шымбұлақты биік белеске көтерген Ержан Еркінбаев ұстағалы саланы бұрынғыдай жеке-дара емес, түрлі мекемелердің ортақ күш-жігерін жұмылдыру арқылы өркендету қолға алынды. Ал бізде көрсететін көрікті мекен де, мақтанатын мүмкіндік те мол. Бұл Сочиде әйгілі «Рахат» фабрикасының шоколады мен кешегі министр, бүгінгі сәсіпкер Зейнолла Көкімжановтың Arba Wine компаниясының шарабынан дәм татқан шетелдік журналистердің пікірі. Көрікті жер демекші, «Қазақтуризм» еліміздің түрлі өңірлері бейнеленген роликті көрсетіп, алдағы жылы SCIJ Meeting-ті Алматыда, Шымбұлақта өткізуді ұсынды.

Қазақ елінің болмысы мен көркем табиғаты мен баурап алса керек, SCIJ Бас ассамблеясында журналистердің басым бөлігі тағы бір үміткер Словенияға емес, Қазақстанға дауыс берді. Бұл жерде «Роза Хуторда» биылғы кездесуді өткізуге тікелей мұрындық болып, ресейлік журналистермен бірге ұйымдастыру жұмысын жоғары деңгейде жүргізе білген Қазақстан командасы мүшелерінің тәжірибесі де ескерілгенін айтқан артық емес.

Бұйырса, әлем журналистері келер жылы Алматыда, Шымбұлақта бас қосалды.

Срайыл СМАЙЫЛ,
Алматы – Сочи

Қара теңіздегі қар туризмі



Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚУСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Кажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Ерман ӘБДИЕВ — Жамбыл облысы (8 705 256 50 05)

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Талғатжан МҰХАМАДИЕВ — Шығыс Қазақстан облысы

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат (Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54

Тапсырыс — №2199;

Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 23 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VRY00020470 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарысын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.